№3 / маусым-шілде / 2017

САРАСӨЗ

Әдеби-танымдық журнал



Жәнібек КӘРМЕНОВ

Кәсібің - нәсібің / Алаш қозғалысы / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ

САРАСӨЗ

Ақылдастар алқасы:
АҚСҰҢҚАР Серік
ӘМІРБЕК Көпен
БЕКБОСЫН Қажыбек
ДОМБАЙ Нұрперзент
ЕРГӨБЕК Құлбек
ИСАБЕКОВ Дулат
ИСАТАЕВ Ержан
ЖИЕНБАЙ Қуаныш
ЖҮНІСБАЙҰЛЫ Несіп
ҚАЛИЕВ Айбек
МӘМЕТ Сүлеймен
ӨСЕРБАЕВ Әліпбек
СӘДІБЕКҰЛЫ Ұласбек
СЕРДӘЛІ Бекжігіт
ТҰРҒАНБАЕВ Асқар
ШОЙБЕКОВ Бекарыс

Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Ләззат Тастанбекова**

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй


Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралымы: 2000 дана

Журнал айына бір рет шығады.

Мұқабада
Әнші Жәнібек КӘРМЕНОВ

Мұрат Шаханбаев. ЖАЙЛАУ



РЕДАКТОР БАҒАНЫ



Қадірлі ағайын!

Дәстүрлі ән – қазақ халқының бекзат болмысы, қадір тұтып қастерлейтін қымбат қазынасы һәм жүректің нәзік қылын шертер қастерлі өнері. Қарт қобыз бен қара домбыраның сүйемелдеуімен айтылатын дәстүрлі әндер бірнеше ғасыр сүзгісінен өтіп бүгінге жетті. Алайда бүгінгі буын бекзада өнердің қадіріне жетіп жүр ме?! Есірген эстраданың тасасында қалып қойған жоқ па?

Күміс көмей әнші Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебековті тыңдай алмасақ та Қайрат Байбосын, Қажыбек Бекбосын, Бекболат Тілеухан, Рамазан Стамғазиев, Елмұра Жаңабергенова, Қарақат Әбілдина, Сәуле Жанпейісова, Айгүл Қосанова секілді аға-апаларымызды тыңдап өскен ұрпақпыз.

Орынды айтылған сынды көтере білетін бүгінгі буынның өкілі ретінде, дәстүрлі ән өнерінің айбозымы Жәнібек Кәрменовке мұқаба арнамасақ азаматтығымызға сын болар...

Елім деп еміреніп, жұртым деп тебіреніп еңбек етіп жүрген өзге де саңлақтар туралы журнал бетінен оқи аласыздар.

Үлкен-кіші қазақ зиялысы! Арзан сөз ұсынбауға – біз, сарасөзді қабылдауға – Сіз уәде беріселік! Қолайыңа жақса жазыл, ал да оқы, оқы да ойлан қазақ зиялысы!

«Сарасөз» журналының
Бас редакторы
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

МАЗМҰНЫ

6 бет:
ШЫРҚАШЫ, ЖӘНІБЕК!

20 бет:
«ТҮРІКСТАН ЖИНАҒЫ» ЖӘНЕ ТҮРІКТАНУ

23 бет:
ФОТОГРАФ

24 бет:
ШӘЙІ БҰЛТТАРДАН ШӘЛІ БАЙЛАҒАН...

26 бет:
ТӘҢІРДІҢ ТАҢДАУЫ

31 бет:
ТОЛҒАУЫ ТЕРЕҢ СЫРЛАСЫМ...

34 бет:
ТЕМІРҚАЗЫҚ



Мұрат Шаханбаев. КОМПОЗИЦИЯ

ЖӘНІБЕКСІЗ... 25 ЖЫЛ



Пенденің көзі жалғанда,
Дүниеге тоймайды.
Моласына бірақ та,
Алтыннан белгі қоймайды...

Жәнібек Кәрменов

Қазақ халқының күміс көмей әншісі, алтын қаламды жазушысы, сұңғыла өнер зерттеушісі, шешен де, көсем де азамат ЖӘНІБЕК КӘРМЕНОВТІҢ бақилық болғанына ширек ғасыр өтті! Ойпырым-ай, осынша уақыт ЖӘНІБЕКТІҢ нұр жүзін көрмей, нұрлы дауысын тыңдамай да шыдай береді екенбіз-ау... Осыншама көнбіс етіп жаратқан екен-ау адам баласын Жаратқан!... Мен үшін ЖӘНІБЕК құдірет болатын. Тірісінде де, бақилыққа аттанған соң да... Бірде ақиық Ақселеу ағама: «Ақа, неге қазақ радиосы мен қазақ телеарнасынан биыл 60-қа толатын ЖӘНІБЕК күндіз-түні шырқап тұрмайды?!» деп мазасыздана сұрағанымда, Ақаң: «Өй, Несіп, сен де қызық екенсің, бүгінгі қазақ қоғамына ЖӘНІБЕК те, ЖӘНІБЕКТІҢ әні де қажет деп отырсың ба?!» деп, маңдайымнан қойып қалғандай жауап бергені бар. Бүгін Ақаңның ол жауабы бар да өзі жоқ... Қазақ ұлтретінде ЖӘНІБЕКТЕЙ әншісін ұмытпауға тиіс. Өз басым... ЖӘНІБЕКТІҢ әні де, нұр бейнесі де менің қаныммен араласып, тұла бойымды кезіп жүр. Ол ұлы әншіге деген өзіммен бірге кететін құрмет! Дәл бүгін сол биік құрметімді жайып салған мына Толғауымды тағы бір қайталап оқымақпын. Келіңіздер, бірге оқиық!!!

Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ

Шырқашы, ЖӘНІБЕК!

Қазақтың ұлы әншісі марқұм Жәнібек Кәрменовтің аруағына бас ие отырып Ән сарайы мен Сыр қамалын сағына аралау



Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында Жәнібекке орнатылған мүсін

Жәнібектің елуінші туған күні әне келеді, міне келеді деп күтіп жүрген күндердің бірінде үйге жазушы Тұрсын Жұртбай телефон шалды. Амандық-саулық сұрасқан соң Тұрсын жатты да кеп жабысты: «Несіп, Жәнібектің бір сағаттық үнтаспасын шығарамыз деп едік қой, соған жер-көктен аса қажет деген бір-екі әнін таба алмай жатырмыз. Сол әндер сенде ғана бар дейді. Соны беруің қажет. Онсыз Жәнібектің үнтаспасы шықпайды!».

Сасып қалдым. Аз-кем ән-өлең, айтыс үлгілерін жинап жүретінім рас. Бір уақыт тыңдап, өнерге деген шөліңді басуға қажет. Ал, Жәнібектің жөні басқа. Теңдесі жоқ әншінің радио, ТВ-дан көшіріп алған әндерін былай қойғанда, өзіме арнап, өз даусымен тілек тілеп, мөлдіретіп жазып берген екі бірдей үнтаспасы, яғни арасына әңгіме араластырып үш сағат айтатын әндері бары рас еді. Жәнібектің әндерін тыңдамайтын күнім сирек. Әсіресе, жолаушы жүрсем Жәнібектің үнтаспасын сәлем-сауқаттан да бұрын қоржыныма салатынмын. Жәнібекпен ұзақ жолда сырласқан қандай ғанибет. Жалықтырмайды-ау, еш жалықтырмайды. Ауылым да тыңдады Жәнібекті сан рет, дос-туыс, құда-жекжатқа да апарып тыңдаттым. Москва, Мюнхен, Париждегі қазақтарға да әбден таныс ол дауыс. Көбісіне көшіріп жазып бердім. Алматыда да жанқалтамнан тастамаймын. Өзі жоқ деуге Жәнібекті қимаймын... Әншілерден бұл үнтаспаны Бекболат, Сәуле, Тілеулес деген жас әншілер тыңдады-ау деймін. Рамазан деген жайсаң әнші бауырыма бір үнтаспаны түгел көшіріп жазып бердім де.

Тұрсын солардың бірінен білген ғой. Жарайды, Жәнібектің өзі үшін қажет болса, бермей не бопты. Бірақ, мендегі үнтаспа тәуір техникамен жазылмаған, дастарқан басында қолға түскен домбырамен қарапайым магнитофонға жазылған әндер ғой. Ол жаңа үнтаспаға көшіруге жарай ма? Тұрсынға осыны айттым. Тұрсын да лықсып бір ақса тоқтатуы қиын жігіт, үстемелетіп, дәлелдеп, кері шегінетін жер қалдырмады.

Бердім. Алды. Жазыпты. Жәнібектің 50 жылдығына арналып ән, еске алу кеші өтті. Артынан ас берілді. Сол астың соңына қарай Жәнібектің жарыққа шыққан үнтаспасын таратты. Томпиған әнші досымның бетінен сүйгендей аялап, төс қалтама салдым қорапты. Оңаша қалғанда тыңдап көрдім. Көңілді мұң басты. Ән өнерінің ақиығы, кезінде радио-теледидарға көп шыққан Жәнібектің тұңғыш үнтаспасы «шіркін-ай» дегізердей болмапты. Менен көшіріп жазған екі ән сапасы жағынан тым төменгі сатыда. Одан өзге де бірер ән Жәнібек айтты деп саусақ сорғызардай емес. «Піскен астың күйігін» кінәлау емес бұл. Бәріне жоқтық кінәлі. Бұл жолғы өкініш Жәнібектің жақсы әндерін еш жерден — не радиодан, не теледидардан таба алмауымыз. Оны не әнші аға-апа, не шәкірт іні-қарындастарының бірінің жүйелеп, жинап жүрмегені қалай? Құдай-ау, қазақтың ұлттық ән өнерін өміріме серік етемін деген жастардың Жәнібек айтқан әндерді тірнектеп жинап, текшелеп қаттап қоймауын түсінуге миым жетсе не қыл дейсіз?!

... Кештен де, астан да ауыр оймен оралдым. Ой

салмағы таптап бара жатқан соң көмекті қалам мен қағаздан іздедім. Қаламым өзіме жеткізбей сырғыды. Ә дегенше «Менің Жәнібегім» деген сөз жол басына кестеленіп түсті:

«МЕНІҢ ЖӘНІБЕГІМ!»

Туғанына 50 жыл толған ортамызда жоқ ұлы әнші Жәнібек Кәрменовтің құрметіне өткен ән кешінен, досымды сағындым ба, сәл мұңайып оралдым...

Мұнан ары қаламым мүдірген жоқ:

«... Қазақтың ұлы сазгері Құрманғазы есімін арқалап тұрған Алматыдағы бас ән-күй оқу ордасының кең залына кіріп келіп, сахнаға көз тастаған бетте жүрегім дір ете түсті. Сахнаның төрінде Жәнібек бейнесі жерден жеті құлаштай биікте қалықтап тұр екен...

Кеште ән де айтылды, естелік те шертілді. Жәнібектің шәкірті, әнші Бекболат Тілеуханов пен досы, ақын Несіпбек Айтұлы кештің тізгінін кезек қағып отырды. Әдеттегідей ақсақал, қарасақалдар топ басын бермеді. Жәнібек иісі қазаққа қымбат жан еді. Сондықтан Жәнібекті жақын білген жан да, онымен жолай жолыққандар да, сыртынан білетіндер де, ұзынқұлақтан естігендер де естелік айтуға тырысты.

Көп сөз, көп ой, көп ән айтылды. Айтылмаса, мына төмендегі пікірлер айтылмаған болар:

Жәнібектің бейнесі ұмыт бола бастады. Өзі жоқ адамды теледидар көп көрсете бермесі анық. Жәнібектің бейнесі кестеленген баспа өнімдерін шығару — міндетіміз. Ол не болуы мүмкін? Ең әуелі, Жәнібектің нұр бейнесін кестелеп, күнтізбектер, көркем плакаттар жасауға болар еді. Жәнібектің жаныңды тербер көркем прозалары бар. Солардың басын қосып, таңдамалы жинағын шығарса артық па? Кітабына ән сүлейінің сүйкімді портретін берсе... Рас, бүгінгі қиын кезеңде мұндай салмақты полиграфиялық дүниелерге кімнің шамасы келеді. Біреуді отқа итеру ойда жоқ, әйтсе де Жәнібекті жан бауырындай көрген біраз аға-бауырларымыз бүгінде баспа басқарып отыр. Жәнібекті шын сағынса, сол ағалар ұран тастап, күш біріктірсін. Жетпей жатқан көрпесін өзге досжарандары, жанашырлары қымтасармыз. «Шын жыласа соқыр көзден жас шығар» деген, кешегі құдайы асын, әрі той дастарқанын да достары бірігіп көтерістік қой.

Жәнібектің дауысы ұмыт бола бастады. Теледидар атаулының бұрынғыдай қазақ әнін іздеуі сирек. Оның үстіне нарық заманы ұлттық белгіңізге орай емес, жарнамаңыз қалың болса ғана қарық қылады. Одан да терең сүңгісек, республикамыздағы «Шахар», «Рахат», «31 канал», 32... 33... каналдарды былай қойғанда, таза ұлттық арналар — «Хабар» мен «Қазақстан-1» — арналарының жаңа, жас құрамына Жәнібектің баға жетпес дауысын, оған ғашық қазақ халқының қаншалықты сусап отырғанын, олар түгілі осы телеарналардың бірінші басшыларына түсіндіру, әй, аюға намаз үйретуден оңай болмас. Қазақтың ән өнерін, күй өнерін насихаттауға жаралған «Алатау» телеарнасы мен «Шалқар» радиоарнасының бүгінде топырағы кебейін деді. Кезінде Жәнібектің Ақселеу Сейдімбекпен сырласа отырып айтқан қазақ халық сазгерлерінің анталогиясына бергісіз он шақты хабарын бүгінде сол архивтерден итпен іздеп таба алар ма екенсіз?!

Сұмдық! Кеше, Жәнібектің үнтаспасын шығарғылары келіп шырылдай жүгірген достары жоғарыдағы мекемелердің қорынан 300-350 ән білетін және соларды сорғалатып айта алатын Жәнібектің үнтаспасына түсіруге бір сағатқа толатын әндерін таба алмады... Сондықтан да болар тұңғыш рет 1000 данамен шыққан бұл сұранысқа бай болар базарлық өз дәрежесінде, «Шіркін, мынау Жәнібек қой!» деп таңдай қақтыратындай боп шықпады.



Жәнібек Кәрменов ұстазы Жүсіпбек Елебековпен

Батырдың тұлғасына қарап-ақ аңыз болған тарихын ұмытпауға болар. Әншінің дауысын жиі естімей нұр бейнесін сол күйінде сақтап қалу мүмкін дегенге сенбеймін. Бізге Жәнібек керек болса — ол сәт сайын ән салып тұруы керек. Сонда ғана Ол аңыздан ақиқатқа, қиялдан қадірлімізге айналады.

Жәнібектің шын бағасы берілген жоқ. 43 жасында 80-дегі қарияның ғұмырын кешіп, ақберен шағында-ақ абыздың сөзін сөйлеп кеткен Жәнібек — Қазақтың ән өнері үшін XX ғасырда дара тұлға. Өз басым аттай жиырма жыл білген Жәнібегімді елу жыл бойы пір тұтқан бірде-бір бұрынғы алыптармен салыстырмаймын. Жәнібек — Қазақтың ән өнеріндегі қайта тумас тұлға!

Жәнібектің бағасын беру ол үшін қажет емес. Ел, халық, ұлт үшін қажет. Бүгінгі санасыз, саңылаусыз ұрпаққа Жәнібек неге керек? Тар қапас түнгі клубтарда түтінге тұншыққан қазақ жастарына дәл сол жерде Жәнібектің шырқау бір әнін майлап тыңдата алар ма екенсіз?! Бүгінгі бизнесіне асыққан, уақыт қуған, сезімді спонсорға айырбастаған ұл-қыздарымызға бұл қоғамда Жәнібек болған дегенді айтып түсіндіру түгілі, бүгін Қайрат, Бекболат, Рамазан деген ұлттық байлықтарымыз бар дегенді көрсетіп, сендіру қандай қиын?!! Бүгінгі ұрпақ осылай болғанда, ертеңгі келер лек қандай болар екен... Қазақ әнінің, яғни әншісінің

қарнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына зарлайтын сәті келесі ғасырда туып жүрмесін әлі.

Жәнібектің бағасын сондықтан да бүгін беру қажет.

ЖәнібекКәрменовкеҚазақстанРеспубликасының халық әртісі атағы мен ҚР Мемлекеттік сыйлығын алып беру керек! Жәнібек бұл атақ-абыройдың екеуіне де көзі тірісінде-ақ лайық болатын. Егер ел сенген ер-



Кәрменовтер отбасы.
Кіші ұлы Шаһкеріммен бірге. 1991 жыл

азаматтарымыз ой біріктіріп, ойлы қадам жасаса, Елбасы еңіреген ерге қиянат жасамайды. Тартыншақ болсақ — бізге сын. Баукең секілді Жәнібек те ән өнерінің хас батыры дегенге кім сенбес бүгін.

Жәнібектің өз атындағы ән мерекесі болуға тиіс және Жәнібектің өз ән мектебі болуға тиіс! «Қоя тұр!» дейтін қолдарды көріп тұрмын. Қоймаймын! Ақан, Біржан, Әсет, Мұхит, Әміре, одан өзге де ұлы тұлғаларға Жәнібекті теңеуден қорықпаймын. Жәнібектің жоғарыдағы ән кешіне шақырған алақандай қағазға «ұлы әнші Жәнібек Кәрменовтің туғанына 50 жыл» деп жазыпты. Бұл Жәнібекке «ұлы» атауын тұңғыш телу. Заңды! Уақытылы! Кеште де «ұлы» атауы қайталанып, мақұлданды. Мүмкін бізге ғана, бүгінгі ұрпаққа, Жәнібек жас жігіт боп көрінер. Ұлыларды тек өткен ғасырдан, жылдар қойнауынан іздеуге мойындатқан кешегі Кеңес идеологиясы болатын. Енді ұлыны тым алыстан емес, қол созымнан көруге бойұсыну басталса құба-құп. Тіпті басы осы болар. Жәнібек Біз бен Сізге ғана Жәнібек. Оның үстіне Жәнібек енді мәңгілік қой. Енді 40-50, 90-100 жылдан кейінгі ұрпаққа ол да ғасыр қойнауынан бой кетерген ұлы аруақтай көрінері өтірік пе?!

...Қара жер басып жүріп, көкке ұшқан адам жоқ. Адам ұлылық тағына отырғанда ғана көкке ұша алады. Әуелде айттым ғой: «Қазақтың ұлы сазгері Құрманғазы есімін арқалап тұрған Алматыдағы бас ән-күй оқу ордасының кең залына кіріп келіп, сахнаға көз тастаған бетте жүрегім дір ете түсті. Сахнаның төрінде Жәнібек бейнесі жерден жеті құлаштай биікте қалықтап тұр екен... »

...Жәнібек 43 жыл жер басып жүріп, жеті жыл жербесікте жатып, дәл бүгін көкке ұшып шыққан екен. Кеш біткенше сол биігінде тербеліп тұрған ұлы бейне біз залдан тараған бетте шаңырақтан сытылып шығып, жұлдызды аспанға самғап кетті. Енді ол сонау көк жүзінде қоныстанған ұлылар шоғырына қосылғанша ұша береді. Тек біз оның қанатына жел беріп, табанына алақанымызды тосуымыз керек. Ол қамқорлықтың бір парасы - жоғарыда біз тізген шаруалар.

«...Қадірі болмас адамның қасында тірі жүргенде,
Орны қалар ойсырап, бір күні көрге кіргенде!»
- деп өзі толғағандай, қазақ әні үшін Жәнібектің орны жуықта ордалана қоймас. Бір мезет Жәнібектің ұлы талантын пенделік ұсақтықпен үгітіп алмай, ұлы бағасын бақастықпен бөлшектеп алмай, ұлы бейнесін күйкі тіршілікпен кірлетіп алмай, осы ғасырдың төрінен даярланған өз тағына ақ арулап қондыра алсақ ғанибет. Елдікке сын да осы.

... Тіпті сол Жәнібекті қазақтың кім екенін сынайын деп ерте бауырына тартты ма деймін Жаратқан?!

* * *

Ақылдан азап шегіп жүрген жоқпын. Мұның бәрін Сіздер де білетін боларсыздар. Айтқалы, істеткелі жүрген шығарсыздар. Оған күмәнім жоқ. Тіпті «бір жақтағы спортшы жігіттің ән өнерінде несі бар» дерсіздер. «Ән тыңдаса тыңдасын, Жәнібектен не түсінеді» дерсіздер. Айтыңыздар, ауыздарыңыздан қақпаймын.

Ешкімнің аялаған Жәнібегіне жабысқалы отырғаным жоқ. Бөліскелі де отырғаным жоқ ешкіммен. Менің өз Жәнібегім бар! Сонау бозбала шағымда алыс



Асыл жары Тотымен

ауылдан Алматыға бір қолыма домбыра, бір қолыма доп ұстап келіп, екеуінен де жолым болмай, қаламгерлік ауылға шәкірт болғанда Жәнібекпен өнер сайысында жолыққанмын. Алматы студенттері арасынан ол ән айтудан, мен күй тартудан бірінші орын алып, бүгінгі дәулескер күйші Қаршыға Ахмедияров екеумізге жүлде берген кезде айқасқан құшағымыз ол бақилық болғанша ажыраған жоқ. Рас, мен Тұрсын, Несіпбек достары

секілді, Ақселеу, Рымғали ағалары секілді үнемі бірге жүрмейтінмін. Өзі үнтаспаға жазып бергеніндей біздің арамызда достықтың «үнсіз жатқан, көрінбей жатқан жібек жібі» болушы еді. Жәнібекті менің бағалауым ешкімге ұқсамайтын. Жәнібекті менің сағынуым да ешкімге ұқсамайтын. Менің өз Жәнібегім бар болатын!

... Ән кешінің соңынан берілген астан қайтар кезде



Әнші Кәрменовтің соңғы түскен суреті. Шардара. 1992 жыл, 9 мамыр

есік көзінен мені көріп қалған Ақселеу ағам мейірлене құшағына тартып, маңдайымнан сүйіп тұрып: «Әй, Несіп, мына Жәнібек сұмдық қой-ей, сұмдық қой. Не деген диапазон, не деген шалқар кеңдік! Ей, бұл Жәнібекке жетер ешкім жоқ қой өзі... » деп өзегі өртене қайталағанда, лап етіп тұтанған өрт ішінде қалғандай болдым.

— Әрине, Ақа, әрине! Жәнібек дара ғой, жалғыз ғой... Жаңа ғана Әсет пен Кемпірбайдың амандасуын айтқанда Бекболаттың өзі сыбырлап, сөйлеп қалған жоқ па?! Жөнібек ол суретті лапылдатып, лаулатып, өршітіп, дауыс биіктігіне жан жалауын қосып, құлындай шыңғыртып жеткізбеуші ме еді?! — деймін.

— Рас, рас, Бекболат та сыбырлап қалды. Құдіретай, мына Жәнібек не деген ғаламат, не деген ғажап?!! Жаңағы әндеріндегі не қылған ой, қиял жетпес пафос... Ойпыр-ай, мынау Жәнібек сұмдық қой-ей, ғаламат қой...

Білімі мен білігіне бой жетпек түгілі мың сұңғіп шығатын Ақселеу ағамның бұл таңдай қағысы дәл осы кештегі тұтар медеуім болды. Өйткені менің Жәнібегім де тура сол Ақаң аһ ұрғандай тендессіз ұлы тұлға болатын.

НҰР БЕЙНЕСІНЕ БАС ИЮ

Жәнібектің көзі тірісінде арнайы жазып берген үнтаспасын жиі тыңдаймын. Сөз басы сол өзінің «Өмір жайлы толғауымен» басталады. Оның тарихы қызық.

«Лениншіл жас» газетінде қызмет істеймін. Спорт бөліміндемін. Сапарға жиі шығамыз. Спорт жарысына өнерпаздар шашатын шашу да сирек болмайтын ол кезде. Сондай бір сапар Жаңаарқаға жетеледі. Қазақ күресі, самбодағы теңдессіз бапкер Диқанбай Биткөзевтің шаңырағында қонақтарға ас берілді. Жаңаарқада балуан қанша болса, әнші мен күйші сонша ғой. Күні бойғы күрес бәсекелерін ән мен күй еңсеріп бара жатты. Бір кезде қолынан кеш бойы домбырасы түспей отырған батыр денелі азамат азынатып кеп бір толғауға салды дерсіз. Тұла-бойым шымырлады. Дүниенің бәрін ұмыттым. Арбалғаным сондай, қонақтан тарағанша Мұхамеджан Тілеухановпен танысып та үлгердім, әлгі жан шыдатпас туындының авторын біліп те үлгердім. Ол Жәнібек Кәрменовтің «Өмір туралы толғауы» екен.

Алматыға жеткенше асықтым. Таяуда ғана ауданда дүкен ұстайтын бір нағашы апамнан «Весна-302» деген магнитофон әкелгенмін. Туғалы маңдайға тұңғыш біткен үнжазғыш. Аялап, сыртындағы қапшығын да шешпей жүретінмін. Соны қолтығыма қысып, Жәнібек дәріс беретін студияға жүгірдім. Келсем Жәкем кезекті бір сабағына кіргелі жатыр екен. Мені класқа ерте кірді. Сөйтті де: «Ал, мынау менің Несіп деген досым болады. Өзі күйеу бала, тобықтыдан қыз алып отыр. Тойда Сәулесінің бетін де өзім ашқанмын. Өзі спортшы, бірақ өнердің құлы. Өзі де өнерпаз, домбырашы. Осы Нәкең бір бұйымтаймен келіп қалған екен, соны бітіріп жіберейін. Сендер де тыңдай отырыңдар. Әңгіме бүгінгі сабақтың тақырыбына сай болады» деді де бастады. Бір сәт шағын класта екеуміз ғана қалғандай болдық. Жәкең отырған шәкірттерін ұмытты. Магнитофонды айналдырып ұстап көріп, сипап, риза болғандай бір жұмбақ жымиды. Әлде «тапқаның-ай» деді ме екен. Жалпы Жәнібектің сол бір жымиысында мың құпия жатушы



Перзентімен бірге. 1991 жыл

еді... Содан магнитофонның үнүзгішін алдына қойдым да өзім тыныш отырдым. Жәнібек тек Жәнібекке ғана тән ерекше сабырмен, өзінен басқа ешкімде жоқ ерекше оңашалана алу қасиетімен біздең бөлектенді де бүгінде мен жанарым сулана жүріп тыңдайтын мына әндері мен сырларын қалдырып кетті.

КЕЛІҢІЗ, БІРІГІП ТЫҢДАЙЫҚ:

«...Осы Несіп мейірім-қайырымының қарызы жоқ қадірлі інімнің бірі еді. Сол Несіп пен Сәуле қарындасымның амандығын тілеп, Алладан отбасы мен бала-шағасына жақсылық сұрай отырып, мынау магни-



Кәрменов айтыс аламанының қазылар құрамында. 1989-1990 жылдар

тафонына байғазы ретінде біраз ән жазып берейін деп отырмын. Ең әуелі, өзің білесің, мен өлең жазбайтын, ән шығармайтын адаммын, қара сөз жазамын, проза жазамын. Бірақ кейде сол қиялданып кеткенде жазып қоятын біраз шумақтарымыз болушы еді. Сол өзің «Жаңаарқадан естіп келдім, Жаңаарқаның жұрты айтып жүр екен» деген толғауды өз аузымнан есті. Мұның енді әні халықтікі, ал сөзі, сол баяғы, өзіміздің күй деп ұғарсың».

Қасына сүйеп қойған үш домбыраның ішінен Абайдың домбырасын алды да қағып-қағып жіберді. Қоңырлау, құмыққан дауыс безек қаға жөнелді. Жәнібек көзін жұмды да жан тереңінен басталған дыбыс ырғағына ілесті. Бұл

толғаудың басы — толғанысы ғана еді...

«Ойламаңдар, жігіттер, баста дәурен тұрмайды,

Өтіп кеткен сұм жалған, қайтып мойнын бұрмайды.

Адам қонақ өмірге, бір күні қолын бұлғайды.

Тірліктің түбі белгісіз ағын бір судай зырлайды-ай, ай – ай - а... » Жүзіне қараймын. Отызға жаңа келген желкөңіл жігіт жоқ жанымда. Жүзге келмесе де сексеннің сеңгіріне шыққан абыз отыр. Көзі жұмулы, көңілі ояу. Қарсы алдында бір уыс қыз-жігіт отыр деп емес, қыруар халық тұр деп қамданған қарт мінез. Сусыған құмдай бірін-бірі қуалаған үйқас арасынан қыл өтпейтін өміршең ой, жолына жан тұрғызбас өршіл пікір, тереңдігіне тіке түскен тас та жетпес шыңырау шындық...

«... Қызыл түлкі секілді, уақыт сайқал алдайды,

Байлықты қусаң базардан, түбінде саған сол қайғы.

Бағыңда өскен бәйтерек терің тамса солмайды,

Құлықпен тапқан мал арам, ізінде қайыр болмайды-ай, ай-ай-а-а... «

Үніне құлақ саламын. Зарлы, бірақ жігерлі. Шарасыз, бірақ шымыр. Толқулы, бірақ терең тыныстысы. Қарлығыңқы, бірақ қатқыл. Селкеу, бірақ сенімді. Көзге түртеді, бірақ аяйды. Өкінеді, бірақ өрекпімейді. Түңілмейді — түсінеді.

Қайырым түбі — Даналық, жақсылық етпе есеппен,

Аулақ ұста бойыңды әзәзіл жалған өсектен.

Қара жер жұмсақ жамбасқа, махаббаты жоқ төсектен,

Қорлықпен өтер өмірің қосақталып есекпен-ай, ай-а-а, а... »

Жүрегін тыңдаймын: соғысы жиі, бұлқынысы бұла, бірақ бүлкілі сенімді;

Сезімін дөп басамын: Мазасыз, таза, шырқыраулы, от боп жанып, мұз боп қатып жатыр;

Ақылын аңдаймын: Айқын, ақ орамалдай жаюлы, жұмбақтамай, жасырмай, жонып айтады тілегін.

Бәріміз үнсізбіз. Толғау айтылғанда да, аяқталғанда да ауыз ашуға біріміздің батылымыз жетпеді. Бізді сезімге түскен бұғаудан босатып алған да Жәнібек. Домбырасын шерте отырып, ішіндегі шерін тарқата түсті...

ЖАН СЫРЫН СҮЗІП АЛУ

— Әңгіме мен туралы болмасын. Жас әншілерге ғана емес, жас адамдардың бәріне жеткізейікші Жүсіпбек Елебеков сынды биік тұлғадан түйген бұл өмір сабақтарымды.

... Жүсекемді қойнына алған қара жерге айтар нәлетім, істер қарекетім таусылып, іштей тынған күндерім бүгінгідей есімде. Өзімді жетім қалғандай сезінемін. Студия жаққа аттап басу қиямет-қайым. Амал не, бәріне көнесің. Оның үстіне Жүсекеңнің орнына сабақ беруді маған тапсырды. Өзім күн сайын тәлім алуға асыққан класқа кіре алсамшы. Жүсекем отырған орындыққа отыра алсамшы. Жүсекем айтатын сөздерге ие бола алсамшы.

... . Әлі отыруға батпай, түрегеп тұрғам. Есік шиқ етіп ашылды да Ғарекеңнің, Ғарифолла Құрманғалиевтің басы көрінді. «Здрәсти» деді ол кісі.

— Ойбай, Ғареке, мұныңыз не, өзім-ақ барып сәлем беретін едім ғой! — деп амандасуға қолымды ыңғайлап тұра жүгірген кезде Ғарекең:

— Саған емес, анау орынға сәлем беруге келгем! — деп есікті жапты да жүре берді.

Есіктің көзінде тұрып қалдым. Тұла бойымды алапат бір мақтаныш сезім баурап бара жатыр. Бұл -

Жүсекеме, ұстазыма деген құрмет сезімі. Өз кеудемде күн сайын тербететін сәулелі сағыныш пен асқақ махаббатым менен басқа да мыңдаған жүректе тербетіліп жүргенін білу неткен бақыт?! Өмірде өз басының қуанышына ғана азаптанып той жасап жүретіндерді аяйтынмын.

Жүсекең мен Ғарекең әншілер студиясында таң ата жолығатын. Әуелі Жүсекең класына кіретін. Сағат тура 9. 55 болғанда есік шиқ етіп ашылып, Ғарекеңнің басы көрінетін. Жүсекең жалт қарағанда «Здрәсти» дейтін Ғарекең. Жүсекең оған сәлемін үн-түнсіз жүрегімен беретін.

Бір сәт әннің екі алыбы иықтасып жүріп кететін. Па, шіркін, студияның тар коридорында бүкіл Арқа мен Батыстың әні қол ұстасып көшіп жүргендей әсер алушы едік. Олардың алдынан ешкім кесіп өтпейді, ешкім қарсы тұрмайды. Кімді болса да бұл екі ақиықтың



Жары Тоты, ұлы Әсет, қызы Ақботамен

тасқыны таптап кетер еді.

Жазғы демалысқа шығардағы қоштасулары ерекше-ақ. Көзіңе жас алғызады. Бір-бірін қайта көрмейтіндей сырласады кеп. Сырлары бір суымайды. Екеуден-екеу жүргені саяқтанып. Талантсыз орталармен сойлеспейтін. Ғарекең кейінгі жылдары Жүсекең, Манарбектерді жиі айтып, сағынышын ашатын. «Шіркін, біз кезінде жұбымызды жазбаушы едік. Бірге отырып кезек-кезек ән айтатынбыз. Сәл қате жіберсек, бір-бірімізді енді көрместей етіп сынайтынбыз. Өкпелеп, тонын отқа тастаған ешқайсымыз жоқ. Ертеңіне-ақ әлгі қателігімізді түзеп алатынбыз».

Ғарекеңнің осы бір сырын естіп өстім. Айту керек пе? Әрине, керек! Бүгін біздер, әншілер ғой, шыбық тимес шыңқ етпеміз. Бір-бірімізге сәл сын айтайықшы, ол жанды жау кереміз. Бір-біріміздең әлденені қызғанамыз. Сыртымыздан сөз айтып, жамандауға да батылымыз барады. Сонда нені қызғанамыз? Не жетпейді? Әркімнің бойындағы табиғат өлшеп берген талант бұл пыш-пыштан кемімесе өспейді. Сонда нені? Сахнаны ма? Сахна бәрімізге жетпей ме? Жүсекем айтатын: «Сахна - даланың бір пұшпағы» деп. Ал, халқымның кең даласына таланттарымыз сыймай кетті деуге ауыз бармайды. Кең жерге сыйыса алмау — бұл да талантсыздық.

«... Сахна — даланың бір пұшпағы. Мұнда айқайлап ән айтылады деп емес, сыбырлап сыр айтылады деп ұқ. Ән айтқанда айқайлап алдыңа қарама, абайлап жаныңа қара, асқақтап төбеге қарама, тәубемен төмен қара, аяғыңның астына көз сал» дейтін Жүсекем. Бүгінгі біз ше? Сахнаға трибунаға шыққандай үйреніп алғанбыз. Аузымыздағы әнді алдымызда отырған 200-300 адам үшін айтамыз. Дүниенің кеңдігін, әлемнің құшақ жетпес құдіретін естен шығарамыз. Әр әнші көз алдындағы көрерменін ғана емес, көл-көсір жерін, күңіренген елін ойласа ғана әнші болады. Әнді әлгі көздері бақырайып көріп отырғандарға айтпа, көре алмай, жете алмай, дала желіне құлақ салып жүргендерге айт. Әр әннің бір сахналық қана құны бар деп қылмыскер болма. Қазақ әнінің әрбірінде дала қасиеті, дала қасіреті, дала тынысы, дала қуанышы мен трагедиясы бар. Егер сен оны сахнаға лайықтап айтсаң, оның қуаныш, трагедиясы да сахналық болады. Далаға арнап айтсаң тынысы да далалық болады дейтін Жүсекем. Мен бұл сөздердің әрбірін сахнаға өзіммен бірге ала шығуды ұмытқан емеспін...

НҰР БЕЙНЕСІНЕ БАС ИЮ

Жәнібек жаңа ғана ортаға салған сырларының отына тамызық тастамақ болғандай, домбырасына қол созды. Екі шектің біріне саусағы тигенде-ақ тұла бойды дір еткізер үн ұшып шықты шанақтан. Шағын бөлмені әлгі үнге шып-шып толтырған құдіретті сәттің тізгінінен тарта отырып, бетіме қарады:

«... Мынау енді, Несіп, Әсет пен Кемпірбайдың айтысы. Кемпірбай ақын нашар жатыр деп естіп, Әсет Қояндының жәрмеңкесінен Ертістің жағасына, Уақ руының ішіне Қарқаралыдан көшіп келген Кемпірбайдың ауылына келіп, көңілін сұрап тұр дейді. Сондағы Әсеттің амандасуы. Мұның енді ұзақ тарихи әңгімесі көп. Мен теледидардан да шет жағасын айтқанмын, кітабымда да бар. Онда да жазғанмын Әсет пен Кемпірбайдың айтысы туралы. Енді соны айтып берейін. Әсеттің айтқаны екен... »

Үстіңгі ішекті сұқ саусақ іліп кеткен кезде-ақ болашақ айтылар ән сурет болып алдымызға жайыла берді: желідегі жылқысы шыбын қаққан жаздың жаймашуақ күні. Алысқа асыққан дала желі әрбір үйге келіп сәлем бергенде ғана аялдайды да ары оза береді. Жылан жүрісті желдің де айтары бар. Басына биік етіп жастық қойған аруақ бейнелі ақынның құлағына әлденені сыбырлап кеткендей. «А, а... а, шынымен бе?!» дегенше болмай, тентек жел тасыр мінезбен тесіктен шығып ұзай берді. Артынша ақ боз үйдің ақ табалдырығынан аттай бере боздатқан Әсет дауысы сай-сүйегіңді сырқыратып, өлі-тіріні өңгерді де әкетті...

«Ассалаумағалейкум, нар Кемпірбай!

Науқасқа шипа берсін, патша құдай.
Аспанда айнала ұшқан Ақсұңқарым,
Кез болып жайған торға, бопсың мұндай.
Науқасың меңдеу тартты дегеннен соң
Жыладым, бәйіт айтып, үш күн ұдай,
Дауысымды танимысың, атым Әсет!
Мен келдім әдейі іздеп, көңілің сұрай.
Шынымен жауап қатпай кетермісің,
Жұртыңа атың шыққан, қыраным-ай! — үйгай-гай,
үйгай, гүй-гай гай гүй-гай, и... . и-й... »

Жәнібек бізді ұмытты. Көз алында — Әсеттің сонау Қояндының жәрмеңкесінен Ертістің жағасындағы Уақ руының ішіне серігі Кемпірбайды іздеп келуі, әлгідей сәлем беруі, Кемпірбайдың жауабы, екі дүлдүлдің, екі бұлбұлдың сөз қағысуы, төс қағысуы, амандасуы, арыздасуы, қоштасуы — жан төзгісіз, жүйке шыдатпас, тұла бойыңды шымырлатқан бір трагедиялық сахна.


Қайрат Байбосыновпен бірге

Әсеттің дауысында зор құрмет, ғаламат сағыныш, кереметтей қимастық бар. Досының келгенін естіп, ұзақ күндер сұлық жатқан Кемпірбай да басын жастықтан көтеріп алып:

... Көңілді Әсет келді-ау көтергелі,
Қысады кеуде шіркін, жөтелгелі.
Аузыма айрыларда сөз салмасаң,
Қонғаның өлең шіркін, бекер ме еді?!» деп, бебеулеп кетер жерде Жәнібектің дауысы әлгі асқақтықтан төмен түсіп, тағдырға налыған, бірақ біржола берілмеген, жігері жүдеген, бірақ сынбаған жанның сезімін бере айтады. Дауысындағы не? Жарықшақ па? Жоқ, жарықшақ емес, ауру жанның кейпіне түсіп, дауысты көкірегіне, көкірек тереңіне түсіре, құмықтыра айту екен. Сәлемін, арызын айтып, өмірмен ғана емес өнермен, өлеңмен, әлеммен ғана емес әнмен қоштасып жатқан ғаламат тағдыр иесінің көзіндегі жасты Жәнібек әнмен, үнмен береді. Әп-сәтте Кемпірбай кейпіне кіріп алған әншінің отырған орнында теңселіп кетуі бірден көрермендерге де беріледі: ақ жаулықты аналар көзіне жас ала бастайды, ойлы ағалар күрсіне көздерін жұмып, жас желең біткен сол екі алып жолыққан киіз үйдің іргесінен сығалауға талпынады...

«... Кеудемнен көкала үйрек «Қош» деп ұшты,
Сол шіркін кәрі жолдас - өлең білем...
Әсетжан, осы аурудан оңбас, білем,
Алланың бұйрығы екі болмас, білем.
Кеудемнен көкала үйрек «қош» деп ұшты
Сол шіркін жалғыз ұлға қонбас білем... » дегенде әке дәулеті, ана сәулетімен сергелдең құрып, сереңдеп босқа жүрген еркетотай ұл-қыздардың өзі төмен қарап, аяқтарымен жер шұқиды.

«... Семейде топырағым болар білем,
Кемпірбай, дұға қылсын, бейшараға! — гигигай, гигай, игигай-гигай, гигагагай, ги-ги-га... »

«Уһ!» — деп бітірді Жәнібек әнді. Бас-аяғы ішке сімірген бір ғана демнің мөлшеріне созылған гөй-гөйдің соңы сонау жан тереңінен шыққан күрсінумен аяқталды. Талай жан тебірентер үнді білуші едім, мынадай жалын атқан «Уһ!»-ті естуім тұңғыш рет. Жәнібек бұл салған әнімен асыл Әсетін де, шежіре Кемпірбайын да бір сәт жоқтап алған абызға ұқсады... Түріне қараймыз. Сахнада ән айтып, халыққа қол соққызған әнші емес, Әсет пен Кемпірбай ақынның әлгіндей амандасуына куә болып, заманның зымыранына, адамның өткіншілігіне қабырғасы қайысып, ақбоз үйден шығып келе жатқан бір ақ сақалды қария дейсіз де қоясыз. Жүзінде әлгі трагедияның табы, бетін бізге бергенімен, жүрегімен сол серілер сапында, сезімімен солардың арасында. Өмірдің біркүндігіне өкінгенімен, өнердің мәңгілігіне тәубе еткен сәл қуанышы ғана жүзіне жымиыс боп шығыпты. Жәнібектің сол жұмбақ жымиысы ғаламат. Түнек боп келген трагедияны, жауын боп келген көз жасын осы жымиыс жуып әкетіп, бізге әнші Жәнібектің өзін ғана қалдырады. «Бұл — Жүсекеңнің тәрбиесі, Жүсекем еккен ағаштың мәуесі» дегенді зор құрметпен айтпаған күні сирек. Бүгін де солай деп, сандығының қақпағын көтерді.

ЖАН СЫРЫН СҮЗІП АЛУ

— Әнді үйреніп емес, зерделеп айту керек, — дейтін Жүсекең. Кейде ашуланғанда: «Әй шіркіндер, бүгінде ауға де велосипед тепкізіп, құсқа да тіл бітіріп қойған жоқ па?! Ал, сендер адамсыңдар ғой. Үйренгендеріңді сол күйінде айтсаңдар не болғандарың? Үйрену бір басқа да, әнге жан беріп айту бір басқа емес пе! Әнді тұла бойыңа сіңірмей, алпыс екі тамырыңа та-

ратып жібермей айтуға бола ма? Жоқ, ондай әншіден ән шықпайды, айқай шығады. «Әнді айта алмаған абалайды, домбыраны тарта алмаған сабалайды» деген содан шыққан».

Жүсекемнің бұл ашынуы орынды еді. Бүгінгі біздер тек орындаушы ғанамыз. Көп әншіде дауыс та,



Рахымжан ағамен Көктөбеде. 1972 жыл

талант та бар. Бірақ сол талантты місе тұтып, тоқырап қалу басым. Іздену жоқ. Не жоғарыда айтылғандай бас бірлігіміз жоқ, не басты тау-тасқа ұрып, талпыну жоқ. Жүсекең, Ғарекең, Манарбек, Қалилар бірінің талантына бірі бас ие жүріп, бір-бірінен үйренген ғой. Кейде бәрінің бойынан бір-біріне тән қасиет көрінетін. Қандай жарасымды еді. Ал бүгінгі әншілер бір-бірінен қашқақтайды. Өзгеше болуға тырысады. Бірақ қандай өзгешелік? Өнер өзгешелігі емес, түр өзгешелігі ғана.

«Кітап оқыңдар, әйтпесе әнші болмайсыңдар!» деуші еді Жүсекем. Алғаш іштей күлетінбіз. Кітап оқу мен әншіліктің үш қайнаса сорпасы қосылмайтын шығар дейтінбіз. Жоқ, олай емес екен. Кітап оқу арқылы әншінің ойы өседі, парасаты биіктейді, ой-қиялы жетіледі. Көп әншілердің сахнада сөзін ғана жаттаған әнді орындап өте шығатыны сондықтан. Білім, парасат деңгейі төмен болған соң не айтады? Жүсекең, Ғарекең, Манарбек ағалар даланың академиясын бітірген жандар еді ғой. Оның үстіне білімге ұмтылуы қандай еді?! Жүсекеңдер Абайдың кез келген өлеңін, «Абай жолы» романының кез келген жерін жатқа оқитын. Тарихтың небір қатпарында жатқан құпия сырларынан ағылтегіл хабардар болатын. Қолынан жаңа кітап түспейтін. Далаға құмар болатын. «Дала деген кітап, әуелі соны оқыңдар» деп отырар еді ол кісі. Бүгінде әншілер кітап оқымақ түгілі, даланың сырын зерттемек түгілі, үш тиынға газет алып та оқымайды, айтып отырған әнінің авторын білмейтін бейбақтарымыз да жоқ емес.

Әнді тек дауыспен, күшеніп айтады деу не деген сұмдық?! Дауысы барлардың бәрі әнші болып кетсе, әншіде, әнде қадір қала ма? Жүсекең осы Шәкеңді, КСРО халық әртісі Шәкен Аймановты жанындай жақсы көретін. Кездесе қалса, «Шәкенжан, «Жиырма бесті», «Екі жиренді» айтып берші» деп жалынып жатқаны. Сонда таң қаламыз. Шәкен ағамызда аса алып бара жатқан дауыс та жоқ қой. Жүсекең: «Әнді дауыспен емес, жанымен, жүрегімен айту керек қой. Шәкенге қарашы, әрбір тал шашы ән айтып тұрған жоқ па!?» — деп риза болатын. Осы бір оқиғаның да ғибраты мол еді. Бар күшін дауысына салып, жарылып кетердей болып, ышқынып ән салатындар аз ба? Әсте ән қадірі онымен өтелмек емес. Құлақты жара айқайлап айтқан әннің бойынан сезімге тиетін түйір дән таппау не қасірет? Ән шіркін табиғатына қарай құлаштамай-ақ, сыбырласаң да өз сырласын таба қоймаушы ма еді. Айқайласаң-ақ аруағы қашар ән аз ба? Әншінің кереметтігі әр әнмен сырласа алуында ғой. Сыршылдық жоқ жерде әншілік те жоқ... »

НҰР БЕЙНЕСІНЕ БАС ИЮ

Жәнібек бос сөзді болмайын деді ме, жаңа бір әннің жалына қол артты. Домбыра үнімен бірге қоңыр дауысы да құлақ құрышыңды қандырғандай...

«... Мынау, Несіп, Біржанның, атақты сал Біржанның дүниеден қайтар алдындағы жазған



1980 жыл

«Теміртас» әні. «Теміртас» — Қорқыттың «Қоңыры» секілді қазақтың ән өнеріндегі айтулы үлкен дүниенің бірі. Қорқытты айтып отырғаным, бұл екеуі де үлкен, толғаулы, ойы, зары, мұңы, кісілігі, барлық бітімі жағынан теңдесі жоқ музыкалық шығарма. Ғаламат реквием

секілді. Мен өзім Қорқыттың «Қоңырын» Моцарттың реквиемінен титтей де кем қоймаймын. Егер шын мәнінде ұғынып, түсініп, Қорқыттың «Қоңырын» оркестрге, болмаса, қобыздың өзінің үніне салып тартатын болса, мұнан артық реквием болмас еді. Сол мынау



«Теміртас» та — өмірден қайтар алдындағы, өмірдің жиынтығы, «не көрдім, не білдім, не сездім, адам боп дүниеге келгенде дүниеден не арқалап бара жатырмын, жарық дүниенің құны немен өлшенеді?» деген Біржан ойындағы, Ақын ойындағы, Әнші ойындағы түйіншек. Мен соны саған айтып берейін».

Жәнібек сәл үнсіз қалды. Әуелі әнші емес, домбырасы толғанды. Қос шектен қасірет көрген адамның құйын сезімі төгілді кеп. Домбыра бебеулегенде жаныңды қоярға жер таппайсың: жарғақ үн жүйке біткенді бір талдап жұлып жатқандай.

Домбыраны дәл мұндай тарту үшін талассыз шеберлік қана емес, әнімен жеткізбек ойын жанымен терең түсіну де қажет болатын. Әншіде ол бар екен. Енді домбырасының үніне әншінің байтақ «ішкі үні» қосылды. Домбыра мен әншінің дауыстары қатар өрілді: өзөзіңнен қазіргі айтылар хикаяға көкірек көздеріңді аша бастайсың.

«... Ал, дүние, өтеріңді біліп едім,
Білдірмей, серілікпен жүріп едім,
Бұл күнде арық қойдан бағам төмен,
Үш жүзге атым мәлім Біржан едім-ау-у-у-у!. . »

Осылай төгіліп кете береді. Сәлден соң Жәнібек жан-жағындағылардың бәрін, көз тіккен, құлақ тосқан тыңдаушыларының бәрін ұмытып, Біржан кейпіне кірді. Мұнан соң қазақтың ән өнеріндегі теңдессіз биік шығарма өз шарықтау шегіне жете айтылды. Ән аяқталғанда Жәнібектің өзі де әлгі бір жанның күйінен әлі шыға алмай, түнеріп тұрғанын байқайсыз. Бір кереметі, дәл осы әнді айтқан күні Жәнібек күлмей жүруге бар.

ЖАН СЫРЫН СҮЗІП АЛУ

— Бүгін бойымда жылт еткен бір жақсы қасиет болса ол Жүсекемнен ауысқан алтын. ... Әнге тұла бойымен, жан-жүрегімен шомылып айтудың үлгісі Жүсекең еді ғой. Ол кісі «Атыңнан айналайын, Қарқаралы!» деп тебініп кеткенде-ақ көз алдымызға Қарқаралы, оның баурайында желе жортқан Мәди келе қалатын. Әнге қалай талғампаз еді ол кісі. Кез-келген әнді айтпайтын. «Әнші талғампаз болмаса-ақ азады» деп отырушы еді. Бүгінгі әншілер кез-келген әнді айта береміз. Тіпті автордың өтінішімен айтылатын әндер қаншама?!

«Қазақконцертке» алғаш орналасқан жылым. Бір кеште жаңадан үйренген термемді сыпыртып шықтым. Сахнадан түсе бергенім сол еді алдымда Жүсекең тұр екен. Сөзбен сабады да тастады. «Атаңа нәлет-ау, термеде нең бар?! Сенің дауысың терме айтатын дауыс па? Әй, 400-500 адамды жинап алып терме айтқанды қай ата-бабаңнан көрдің?! Даланың кеңдігін көрсететін ақиық әндер аз ба?! Соларды неге айтпайсың? Міне, әндердің керемет қасиетінің жоғалуы осыдан басталады. Әй!. »

Ләм деп ауыз аша алмадым. Айтқандарының бәрі дұрыс болатын. Расымен, бүгінде халқымыздың алтын қазынасына айналған ақиық әндер, халық әндері мен халық композиторларының әндері сирек айтылады. Ешкімді кінәлау емес, бірақ айналдырған екі-үш әннің айналасынан шыға алмай жүрген әншілерімізге өкпе көп. Ол әндер өз замандастарымыздың әндері, болмаса айтуға жеңіл, келте әндер. Елге шықпаймыз. Ерігіп қалада жүреміз. Теледидар деген бар. Біз үшін ел ішін сол аралайды. Ал, Жүсекең, далаға, халық арасына көп шығатын. Мені сапарына ала қалса, жолда:



Консерваториядағы Жәнібектің класы. Шәкірттері Айгүл Елшібаева, Тоқтар Серік, Ардақ Балажанова, Қарақат Әбілдина


1971 жыл

— Әй, Жәнібек, қалғып-мұлгімей далаға қарап отыр! — дейтін. Әуелде 400-500 шақырым жол жүргенде айналаға тесіліп не бар деп ойлайтынмын. Сөйтсем, айтып жүрген әндеріміздің бәрінің бұйдасы далада сүйретіліп жатады екен- ау. Далаға қараған сайын бұрын білетін әндерімнің бойынан да жаңа бір қасиет көретін болдым. Бүгінде сапарға шықсам, даладан көз алмаймын...

Жәнібектің жанары бір нүктеге қадалып қалыпты. Біз де сол жаққа қарадық...

НҰР БЕЙНЕСІНЕ БАС ИЮ

Ол ойдан арылып, маған қарады.

«... Мынау, Несіп, әуелде қазақтың ән әнерін, күй өнерін зерттеген кезде, бір айрықша, көзге ерекше, оқшау, дара көрініп жүрген нәрсе — Ән мен Күйдің қайсысының бұрын шыққанын анықтау. Оны — Ән мен Күйдің қайсысының бұрын шыққанын — ғылыми дәлелдейтін нәрсе, бірақ сол ән мен күйдің бірлігін дәлелдейтін Ақтанбердінің толғауы бар. Осы күні мұны жұрт «Ыңғайтөкпе» деген күй деп тартып жүр. Бірақ, елдегі көнекөз қарттар мұны Ақтанбердінің айтыс сарыны еді деп отырады, осымен Ақтанбердінің жырларын айтады. Сол толғауға салып, сізге Ақтанбердінің бір жырын орындап берейін. Тыңдаңыз... »

«Күлдір, күлдір кісінетіп, күреңді мінер ме екенбіз,

Күдіреден бау тағып, кіреуке киер ме екенбіз... »

Сорғалап кетті дерсіз. Жорға міниіп жортқандай, бүлкілдеп кісінетіп келеміз. Су төгілмейді-ау, шіркін, дауыс екпінінен.

Міне, ашық дауыс шыр етіп, қайта аспанға шықты:

«Е-е-ей!

... Жал-құйрығы қаба деп, жабыдан айғыр салмаңыз,

Қалың малы арзан деп, жаман қатын алмаңыз.

Жабыдан айғыр салсаңыз, жауға мінер ат тумас,

Жаман қатын алсаңыз, топқа да кірер ұл тумас...

Жаман қатын алғаның — төркініне бара алмай, төсегіне жата алмай, тең-құрбыңыз келгенде, оңды жауап қата алмай, жалғанда қор болғаның... »

Санаң самаладай ашылады. Сенесің. Ойланасың. Беки түсесің. Жәнібекке алғыс айтасың.

Ән біткен кезде үнсіз қалған ол, дереу екі ішекті қағып-қағып жіберіп, жүзіне күлкі жүгіртті. Сөйтті де: «Далада қаңғи береміз бе, тау жаққа барып қайтайық бір сәт, Нәке!» деді бетіндегі екі оймақтай ойығы тереңдей түсіп. Сөйтті де домбырасына желіс берді.

... Жайма-шуақ жаздың күні екен деймін. Түс-түстан төніп тұрған тау сілемдерінің бұқпа жартастарына шығып алған таутекелер де мынау тамаша әнді ынтыға тыңдап тұрғандай. Тапжылмай қатып қалыпты. Домбыраның үні де баяу, көңіл қуанышты, сағынышты, асығыс, бірақ жайлы.

«Келемін, тау ішінде түнделетіп...

Аймақты күңірентіп өлеңдетіп... »

Сәкен ғой мынау. Сұлу да салиқалы Сәкен ағамыздың одан да сұлу, одан да салиқалы әні — «Тау ішінде». Бұл әннің Жәнібек орындауындағы бір ерекшелігі — домбыраның ат үстінде тартылғандай саржелістен танбауы. Сіз де Сәкен ағамен бірге атқа қонып алып, қызды ауылға тартып кеткіңіз келіп отырады.

Бірақ Жәнібек жібермейді, тағы бір сырдың ұшығын ұстатады.

ЖАН СЫРЫН СҮЗІП АЛУ

— Манарбек ағамыздың домбыра тартысы қандай еді, шіркін?! Жүсекең ше? Ғарекең, Ғарифолла Құрманғалиев! Нағыз халықтық, қазақша домбыра тарту соларда еді ғой. Бүгінгі әншілер қазақша домбыра тартудан қалып барады. Домбыраны да гитарға теліп, төл үнінен айыруға шақ қалдық. Батыстың төкпе тартысына тиіспегеннің өзінде, шырқау биік халық әндерін шикілей сабалап тартқан домбыраға қосамыз деп ентіктіріп жүргеніміз жоқ па?! Бүгіннен бір ғана мысал. Нағыз қазақтың терең табиғатына лайық «Сәби болғым келеді» деген ән дүниеге келді. Ал, осы әнді секектетіп, эстрадаға жақын етіп айтады. Соны сәл ғана ойланып, домбырамыздың табиғатына тән драма араластырып, толғай шертіп айтып көрсек, нағыз көзге жас алғызар ән боп шығады. Біз оны жалау ғып желпілдетеміз. Ал, оны текемет қып төсеп қойса қандай ғанибет!

НҰР БЕЙНЕСІНЕ БАС ИЮ

Ешкім үн қатпады. Жәнібек те үнсіз. Оз ойымен оңаша қалғысы келгендей. Сәлден соң барып мойнын бұрды.

«... Ал, Несіп, мынау Иманжүсіптің «Қош-аман бол, туған жер!» деген әні. Иманжүсіпті өзіңіз білесіз, 1929 жылы Созақта бандының қолынан қаза тапқан, үлкен ірі ақын болған. Сол кісінің жер аударылып бара жатқан кезде шығарған әні екен дейді. Ал, Кенен атамыздың «Ақ ешкісіне» айтқан мұңынан-ақ кедей киген қамытты сезініп, орны толмас трагедияны бірге бөлісесің. Ондай тағдырды басқа бермесін, Несіп. Қарашы, Шашубай ақын өз бейнесін «Ақ қайың»

әнінде айнытпай кестелеген ғой. Мен өз басым мұндай сырлы әнді сирек білемін. Осы ән ерекше жаныма жақын... Ал, Абай атамның «Сегіз аяғы» алқалы топқа айтылған ақыл ғой».



Әміре Қашаубаев атындағы І-ші әншілер байқауы. 1980 жыл

Төрт әнді де тыңдап алдым. Төртеуі де келісті, төртеуі де тұнған шежіре, төртеуі де тұлғалы әндер болатын. Кенекеңнің «Ақ ешкісін» айтқанда жер түбіне келген жанның қайғысын арқалаған Жәнібекті көрдім: «Базарым мен Назарым өлгеннен соң, ой дүние-ай. Домбырамның қалады-ау иесі жоқ, ой, дүние-ай!» — деп күрсінеді әнші-абыз. Иманжүсіптің «Қош аман бол, туған жерін» естігенде, қайратына мініп, қадірін білмегендерге лайықты жауабын беріп тұрған батыр Жәнібекті байқадым:

«Бар қатыны қышақтың ұл тапса да,
Сонда да бола бермес Иманжүсіп!»

деп белден басады. Абайдың «Сегіз аяғын» айтқанда ұрпағына ақыл шашқан ақсақал ата кейіпіндегі салиқалы Жәнібекті таныдым:

«Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаған соң, айтпа сөз!»

деп қиналады. Ал Шашубайдың «Ақ қайыңын» айтқанда өткінші өмірден налыған абыз Жәнібекті аңдадым:

«Ақ қайың, жалған-ай,
Өттің дәурен-ай!» деп үзілтеді. Төрт әнді де түгел тыңдадым. Әр әнші өз заманының, өз басының күйін кестелеп, өз жүрегінің қанын тамызып отырып жазған әнін сол биігінен түсірмей бүгінге жеткізу қандай ауыр деп ойлаймын қазір. Қара тастай ауыр болар, бәлкім?!

Жәнібектің тершіген жүзіне қараймын. Ол тағы да жайлап сөз бастайды...

ЖАН СЫРЫН СҮЗІП АЛУ

— Әнші ең әуелі арлы болуы керек. Арлылық дегеніміз — өнерге деген тазалық, ымырасыз биіктік болуға тиіс. Мен Жүсекең мен Ғарекеңнен мұндай тазалықты көп көрдім. Ал, бұл тазалық тек сахнада ғана емес, өмірде де серігің болуы шарт. Бірде Жүсекеңнен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының бірінші кітабын көріп қалдым. Кітаптың бірінші бетіне Мұқаңның өзі қолтаңба қойыпты. Жазған сөзі мынадай: «Қазақ әндерін орындаудың академигіне ғана емес, адамгершіліктің академигіне М. Әуезовтен».

Сол Жүсекең ән шығарыпты дегенді естігендеріңіз бар ма? Әрине, жоқ. Ал, Жүсекеңнің өзім білетін бір-екі емес, 30-40-тай әні бар. Ғарекеңді алайық. Ғарифолла Құрманғалиев тек өз әндерін өзі орындай берсе де болады ғой. Бірақ өйтпейді. Болса да сирек. Міне, бұл арлылық, үлкен өнердің киесінен қорқу, қасиетін сыйлау. Ал, бүгінде шала-пұла бірдеме шығарып, соны сахнаға да, радио, телевизияға да сүйреу дерт болып барады.

Ардан аттаудың тағы бір көрінісі — киелі дүниенің киесін пайдалану. Отан, партия туралы кез-келгеніміз бірдеме жазатын болдық. Жазғанымыз Отан, партия атын көпір етіп өтіп те жатады. Бұл қылмыс қой. Жазған соң Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық Отанындай», Ғазиза Жұбанованың «Отан туралы одасындай» кең тынысты шығарма жазбай ма адам... »

Аса үлкен, көшелі тақырыпқа тереңдемей тұрғанда Жәнібекті өзім тоқтаттым. Сөйттім де сұхбат алдында айтқан өтінішімді тағы қайталадым.

НҰР БЕЙНЕСІНЕ БАС ИЮ

«Өтінішің орынды, Несіп. Сенен өзге де Ақселеу Сейдімбеков ағамыздың «Сарыарқа» әнін айт деушілер көп. Ән бағасын білетін болдық қой. «Сарыарқа» — аса сауатты жазылған, халқымыздың ән өнеріндегі дәстүрлі талаптың бәріне жауап беретін тамаша ән. Несіпбек досым жазған ән сөзі қандай жігерлі, сұлу. Бірақ мен оны жеріне жеткізе үйреніп алмай, сахнаға шығармаймын. Бір жаңа ән шықты екен деп үйрене салып сахнаға ала жүгіру, авторы сұрады екен деп асығу — маған жат әдет. Ол әннің тұсауын кесер күн де жақын... »

... Домбыра бебеулей жөнелді. Жәнібектің өзі де қанатын қомдай түсті. Уа-ай! Әннің бас жағында дауысын дірілдете келіп, жүрекжарды ойын ортаға тастап отырды да қайырмасына келгенде өзінің шыңыраудан шыңға өрлегендей өршіл дауысымен шырқап бір кетті: дауыс пен әннің құдіреті сондай, зәулім үйдің тар қабырғасына сыймай, тыңдаушысын жетелей далаға қашады.

«Саржайлауым менің,
Жан жайлауым менің.
Саржайлауым менің, беу-беу, Сарыарқа!
Аққу аңсап қонған аспандай көлдер
Сал самалы сайма-сай болған,
Мақпалдай белдер... »

Сонау биіктен сорғалап төмен түседі. Ән мен орындаушының әлдилеуінен енді ұлан-ғайыр Сарыарқа жері Сіздің кеудеңізге сыйып, тыныш табады. Көз алдыңыздан қазақтың қасиетті сары даласы көлбеп өтеді де жатады, өтеді де жатады. Жәнібектің өзі де жан-тәнімен сол далада жүреді. Қазір бізді де ұмытқан...

«... Бал бұлағы есіліп аққан-ей, Сарыарқа,
Арғымағы көсіліп шапқан-ей,
Абыз дала, Аңыз дала,
Қобыз дала — Сарыарқа!»

Түу, шіркін! Не деген сурет, не деген сезім күші, неткен махаббат!? Осы бір сезімді сол сұлу күйінде көз әлеміңмен әкеліп,көңілкүмбездеріарқылы жүрек дарияңа құя салатын дауыс қандай? Тура бір түу биікке шығып алып, шырылдап тұрып алған бозторғай дерсің. Сонау еңістен салып келіп, төске лақтырып жібергенде лағыл дауысқа бір жарықшақ жабыспай, таза күйінде сары алтындай құйылады да қалады-ау, құйылады да қалады.


Самарқанда

Осы әнді орнынан елп етіп көтеріліп, еріне еңкейіп, шалқыса да тәкаппар шалқайып, нәсерлете төгіп отырған кең даланың кез келген пұшпағына дауысы жеткен жезтаңдай әнші досым Жәнібек екенін ойласам, екі көзге лықсып жас келеді...

Әннің сөзі анық, әншінің көзі ашық, көңілі жылаулы, жүрегі сұраулы, сезімі селдей, көңілі көлдей, бейне Арқаның дастарқандай кең, қасиеттей тәкаппар, сағыныштай сары даласында ат мініп, жортып бара жатқан өзі секілді. Мынау көріністі көзбен көрген соң күміс қоңыраудай дауысына ерік бермеуге ерлігі жетпейтіндей. Ән салып емес, көргенін айтып келе жатқан куәгердей бір күй, шындықтың шырағын ғана жаққан бір жолаушы, қиялын дала суретіне жанып, содан қуат алып отырған жұдырықтай жүректі, таудай тілекті бір жан, тыңдаушының жолдасы, даланың баласы, балғын дауысты бағлан жігіт, әнші Жәнібек.

Шіркін, Жәнібек айтқан ән қандай!


Бірінші қатарда: Жәнібек, Кенжебек Укин, Ақселеу Сейдімбек; екінші қатарда: Ұлықбек Есдәулет, Тоты, Әлібек Асқаров, Еркін Нұразхан

Дала жайлы мұншама биік ұғымды, мұншама шың тұстас теңеуді ауызбен айту мүмкін болмайтын. Мүмкін бола қалса теңеудің төрт бөлініп, тыңдаушыға бір ширегі ғана жететін. Жәнібек өзінің үзілте салған, үздіге сыбырлаған үнімен Сарыарқа сынды сарыдаланың суретін түп-түгелімен арқалап келеді. Маңдайынан бұршақ-бұршақ болып тамшылаған тері, бүгілген белі біздің ұғымымыздағы «сайрап ән айтып отырдан» гөрі «суыртпақтап сыр ашып отыр» дегенге көбірек келеді. Үкілі домбырасымен де, үкілеген үнімен де Сізге, бізге әлгі ән құшағында қалған сырды, ән жүрегінде жүрген жырды жеткізбек арманы бар. Сол арманын айтып, ағынан жарылған ақжүз жігіт алдымда отыр, міне. Көкірек күмбезінің қақпаларын ашып қойып тыңдай берсең небір биік мақсатты ойларды, сұлу шашақты сырларды ортаға тастайды. Мұның бәрін ол айт дегесін айтып отырған жоқ. Күн сайын өз ойын өзі құшағына қысып, бұйығы жүргенде, сонау басынан башпайына дейін сіңіп болған бұл сырлары ағатын бұлақ іздеп, тыңдаушы құлақ іздеп, мәңгі қалар тұрақ іздеп толқиды екен-ау. Соның сәті бүгін келді...

ЖАН СЫРЫН СҮЗІП АЛУ

...Сонау алпысыншы жылдардың ортасында белгілі жазушы Сапарғали Бегалиннің 70 жылдығына Семейге келген Жүсіпбек Елебековтің алдынан жүгіріп шыққан ауыл баласының бірі осы Жәнібек болатын. Балаға ән салғызу үлкеннің жолы емес пе. Екі-үш ән айтқан соң Жүсекең Жәнібектің маңдайынан сүйіп, өзімен бірге Алматыға ала кетті.

— Жүсіпбек Елебековтей қазақ әндерін орындайтын терең, нәрлі әнші болған да емес, болуы да неғайбыл, — деп шын сағынады Жәнібек, — ол кісінің жанында жүрген он-он бес жылда 360-400-дей ән үйренген екенмін. Соның бәрін қайталап айтып, ой қазанымнан шығармауға тырысамын... . Әншілер жоқ демеймін, өзіміздің Қайрат Байбосынов бір туатын кесек талант. Енді бір таза, тұнық әнші Мәдениет Ешекеев.

... Ғарекең, Ғарифолла Құрманғалиев батыстың әншілер мектебіне риза болмай жүр. Аса заңды реніш. Студияда тәлім алған жастар тек Ғарекеңнің сыртқы бейнесіне еліктеуге ғана мәз. Адамның ішінде, ішкі жан сарайында не жатқанын білуге тырыспайды. Өнердің

осындай оңай жолы бола ма?

«... Алтын көпір секілді екі кезеңнің арасында тұрмыз бүгін, — дейді Жәнібек жүдеп, — алдымыздағы ағаларымыздың бас бірлігі қандай еді. Өнер болашағы үшін бір-біріне кешірімді болған, бірін-бірі тәрбиелеген, қолдаған, ащы сынға алған, мойындаған. Ал, біздер саяқ жүреміз. Бір-бірімізге тілек айтудың өзіне тәуекел іздейміз... Жүзімізді көруге сағыныш сирек буады. Біріміз ән салған жерге басқамыздың баруымыз сирек... Талантты әнші — талантты тыңдаушы емес пе?! Ертең ғой біріміз дүниеден ерте көшсек, оның орнын жер тепкілеп толтыра аламыз ба... »



Ақселеу Сейдімбекпен және Ұлықбек Есдәулетпен бірге

НҰР БЕЙНЕСІНЕ БАС ИЮ

...Қолыма қалам алып, жазып отырмын. Қаламымнансияемес,жүрегімненқантамыпжатқандай... Жазбауға да шарам жоқ. Жәнібектің құлағына енді сыбырлап айта алмайтын сөзімді ғалам кеңістігі арқылы жеткізбек боп жан ұшырамын... Қаламымның ұшы қан құсқандай қасарысып, әрең қозғалады:

«... Спорттағы секілді әр өнердің өз тұлпары болады. Ән өнерінің талмас тұлпары Жәнібек еді, аяулы Жәнібек Кәрменов болатын. Спортта да өзге өнер секілді өз тұлпарын тұғырына қондырып қойып, көзінен жас, көңілінен дауыл тұрғыза қуанатын, қошеметтейтін. Жәнібек бір емес, жүз жарыстан озып келіп жүлде алған, жүлдемен бірге бүкіл қазақтың алғысын алған, телегей-теңіз махаббатына бөленген Әнші еді, сырлы да сырбаз Азамат болатын. Кемпірбай ақын айтқандай, ықылымнан талай озып келген Ыңғайтөкпе еді. Тұлпар шабыстарда артына қара ілестірмеген Дарабоз болатын. Талай тұлпарлар шабысын көрген елміз, жан-жүрегімен сезінген халықпыз. Небір талапай жарыстарда халық өзінің сүйікті сәйгүлігін, теңдессіз тұлпарын іздейді. Көзбен де, көңілмен де сағына қарайды. Көре алмаса, көңілі құлазиды, көзіне жас алады, жер таянып, қайғы тұтады.

Тас түскен жеріне ауыр болса, қазақ халқы куә бүгінгі қазаға жұбату жоқ. Шекесі торсықтай боп туып, үні — бесік, тілі — бал, зердесі — тау, парасаты — мұхит боп өскен Жәнібектей ұлдары жоқ енді. Өнердің қай жарысына салса да шаппай бәйге алған, талантын күн шалмайтын перзенттері қайтпас сапарға аттанды кеше. Асқақ әнші еді Жәнібек. Жүрегі жарты әлем жазушы еді Жәнібек. Қаламын қылыштай жарқылдатқан, қиялы жебедей журналист еді Жәнібек. Жәнібек шешен еді шер тарқатқан, Жәнібек көсем еді көл сөз айтқан... Жәнібектің мына толғауын тағы тыңдайықшы. Орда бұзар отызында жазған жыр жолдары Жәнібектің жастайынан көсем болғанын көрсетпей ме?!

«Ойламаңдар, жігіттер, баста дәурен тұрмайды,

Өтіп кеткен сұм жалған қайтып мойнын бұрмайды... »

Осылай бебеулетіп кете береді. Өмір мен өлімнің тең түсіп жатқан күресін көреген көзбен, сезімтал жүрекпен айна-қатесіз көріп, ойсыз жүрген көбімізге сол суретті кестелеп ұсынбай ма? Қандай шешендік?! Қандай көсемдік?! Қане, қайталап оқып көріңіздерші...

Өмір — ұлы көш, ұзақ-сонар жарыс. Сол дүрмектің ішінде шын тұлпар да, шатқаяқтап тобанаяқ та бірге шауып барады. Сәт сайын сылқ түсіп, құлап жатқандар да көрінеді әр тұстан. Екінің бірі құласа ештеме емес. Жәнібектей тума тұлпардың, бағасы жоқ сұңқардың тұрмастай боп жығылғаны-ақ ауыр. Бұл қаза жақын-жандары, дос-жаранына ауыр жүк, талантты ұлды сирек туғызып, соның қызығын көруден үміткер халқына ерекше қайғы. Қайтеміз, Алла тағала тағдыр-талайды өзекті жанға бір өлім етіп кесіп-пішіп қойғаны жасырын ба?! Жәнібек секілді саңлақ ұлдың сол қарауылға ерте ілінгені-ақ өкінішті!

Спорттың серті — топ жарып дара келу. Жәнібек те ән өнеріндегі дара тұрған тізгіні бос тұлпар еді.



Мұндай жан бүкіл жанкүйерге, бар халыққа сүйікті. Мандайға біткен біртуар өнерлі ұлына халқы қимаса да: «Хош, Жәнібек, қалқам!» дейді күңірене.

Тарихта ондай тұлпарға тұғыр тігіп, еңселі ескерткіш орнатқан. Сенің ескерткішің бүгін-ақ орнап тұр, Жәке! Ол — сенің әндерің, жазған кітаптарың, сөйлеген сөздерің, ел есіңде қалған азаматтық бейнең.

Хош бол, қазақтың өнердегі бойтұмары!



Жәнібектің домбырасы

Тарихи шаһар ТҮРКІСТАН жұртына мың рахмет!

Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындары арасында, яғни Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті арасында академиялық ұтқырлық байланысы бар. Осы бағдарламамен оқу орнында бір ай сабақ бердім. Сонда кездейсоқ Түркістан картасынан Жәнібек Кәрменов көшесін көзім шалды. Содан ол көшеге барып, тұрғындармен жүздестім. Риза болғаным, қазақтың біртуар әншісінің кім екенін анау еңбектеген баласынан, таяққа сүйенген кәрісіне дейін танып тұрғандығы. Сонан кейінгі қуанғаным, ақынды да, батырды да, көсемді де бауырына басқан Түркістан еліне мың алғыс, қазақтың Жәнібек Кәрменовтей перзентіне ұлылар жатқан жерінен бір көшенің атын атап, түсін түстеп бергендігі. Біз, артынан еріп келе жатқан шәкірттері, ағайын туысқаны болып, бәріміз төбеміз көкке жетіп қуандық. Түркістан жұртына рахмет!

Рамазан СТАМҒАЗИЕВ

ЖАН СЫРЫН СҮЗІП АЛУ

... Жәнібекті жиі сағынамын. Жоқ деген сөзге алданбаймын, қимаймын, көңгім келмейді. Жұмыр жер орнында тұрғанда, бай-кедей, арық-тұрақ, арам-адал, талант-топастардың небірі жер басып жүргенде Жәнібектей жұлдыз тағдырдың жоқ екеніне көңгін келмейді, келіспейсің. Шіркін-ай, шарайна тағдыр айдынында бәрі-бәрі жүзіп жүр, тек Жәнібек жоқ...

Сағынышымды басар дауа біреу-ақ, Жәкемнің өзі жазып беріп кеткен үнтаспа, сыртаспа, әнтаспа. Осы жеті жылда жеті мың рет тыңдаған болармын. Қану мүмкін емес, Жәнібектің әніне де, сырына да. Қанған сайын шөлдейсің, тойған сайын ашқарақсың.

Бүгін тағы тыңдадым — Жәкемнің дауысы баяу, сырлы, сағынышты, сәл мұңды. Үнтаспа бітуге таяу. Жәкем де жылдамдатты. Ойымды аяқтай алмай қаламын деді ме екен? Ойы мен мақсатын жеріне жеткізбей кетуді қатты өкініш көруші еді-ау Кербестім! Айтып отыр, айтып отыр... «...Бағанадан бері біраз әндер жазғыздық! Соны енді, Несіп, бір талған кезінде, қуанған кезінде, торыққан кезінде, шарықтап, шабытың ұстаған кезде, қиналған сәттерде, бір жебеушіңдей, тәңіріңдей тыңдап, өзіңді сілкіп алатын, жеңілдететін, қанат бітіретін, қайрат бітіретін, рухты дүниедей көріп, сақтап жүрерсің деп ойлаймын.

Сіз бен біздің арамыздағы үнсіз жатқан, көрінбей жатқан жібек жіп, сол жібек жіптің алтын арқан, кең тұсауындай болып осы ән сіздің шаңырағыңызда шырқала берсін ылғи деп тілеймін. Сіз өнерді қатты сүйетін, тыңдаушы ретінде емес, адам ретінде сүйетін, өзіңіз сондай өнерпаз адамсыз ғой.

Сондықтан, біраз әндерді жаздырдым, сапалы жазылғандары да болды, сапасыз жазылғандары да болды, өйткені, мен өзім ән айтқанда көңіл күйге байланысты айтамын. Мысалы, әлгі «Теміртастың» алғашқы нұсқасы жақсы еді. Ештеме етпейді, мынасы да тамаша болды. Сол, Сәуле екеуің тобылғы торы шайды ішіп отырып, рахаттанып отырып, өзді-өздерің шүйіркелесіп отырып, елдесіп-бауырласып отырып тыңдаңдар. Сіздің сол ең қадірлі, қасиетті дүниеңіз, қолдаушыңыз, сүйеушіңіз, жебеушіңіз, ойыңызды жаңғыртатын, шабытыңызға шабыт қосатын дүниеңіз осы болады деп көңілімдегі бар жігерлерімнің сәулесін түгел бердім, соған риза боласыз енді. . »

Сәл үнсіздік орнады. Үнтаспа шыр айналып, аяқталып келеді. Соңы кәдімгі сүйретілген арқанның ұшы секілді. Соңғы түйіні бұлаң ете түсемін дегенше бас салып ұстай алдым. Үзбедім. Үзгім келмеді. Үзе алмайтын едім. Үзуге хақым да жоқ болатын. Үзілмеуін бақылау міндетім еді. Біле білсем, бақытым да болатын. Сүйреп әкеліп басынан қайта қойдым. Сөйттім де бүкіл сыр мен әнді қайта тыңдауға кірістім.

Жәнібегім жанымға қайтадан келіп жайғасты. Көңілім орнына түсті. Енді ол да асықпайды, мен де саспаймын. Жәнібектің бұл сырлары мен әндерін қайта тыңдап шығу толық бір ғұмыр кешкенге пара-пар болатын. Соқ, жан сырыңды, Жәке! Әуелет, нұр әніңді, әнші досым, Жәнібек! Сені бүкіл әлем тыңдап отыр, жаным!

СЫН САРДАРЫ

«ТҮРІКСТАН ЖИНАҒЫ» ЖӘНЕ ТҮРІКТАНУ

ӘДЕБИЕТ СЫНШЫСЫ, ТҮРІКТАНУШЫ ҒАЛЫМ ҚҰЛБЕК ЕРГӨБЕКТІҢ «ТҮРІКСТАН ЖИНАҒЫ» (2010-2016 ж.) АТАЛАТЫН 7 ТОМДЫҚ ЕҢБЕГІ ЖАЙЫНДА



«Ақиқат» журналы редакциялық алғысөзінде «Жалпы қазақ әдебиетінің сыны мен журналистикасын, содан соң филологиясын Құлбек Ергөбексіз еш көз алдыңа елестете алмайсың...»(№1,2013 ж.)-деп жазды. Батыл басылымның танып айтқан байсалды сөзі! Әріде жарық көрген «Арыстар мен Ағыстар» (2002-2005 ж.) аталатын 6 кітаптан бас құраған (өзі томдық деп атамапты) сын еңбегі талданып, бағасын алғанын білмейді екенбіз. Соңғы жылдары сайыпқыран әдебиет сыншысы «Өлеңсөз»(2012), «Қарасөз»(2013), «Сарасөз»(2013), «Дарасөз»(2015) аталатын әрқайсысы қазақ әдебиетінің бір жанры поэтикасын қарастыратын қомақты-қомақты (әрқайсысы 35-37 баспа табақтан) еңбектері жарық көрді. Жазушылар одағында жылма-жыл өтіп жататын әдеби жыл қорытындысында сыншының аталған кітаптары әңгіме бола қоймайды. Әдетте, сын жоқ, әдебиет қайтіп өседі?-деп байбалам салып жатамыз. Еңбегі еленіп мерзімді баспасөз бетінде жетістігі, кемшілігі кеңінен талданып жатпаса сыншы да қайдан, қашанғы белсенділік таныта берсін?! Сын жанрында маман тұрақтамайтын себебі де осыдан шығар? Кім білсін? Айтылған еңбектері өз алдына, сыншы, ғалымның соңғы жылдары «ТҮРІКСТАН жинағы» (2010 – 2016 ж.)бір есіммен аталатын көлемді-көлемді 7 кітабы жарық көрді. Олар да елеусіз өтіп барады. Бүгін біз көрнекті әдебиет сыншысы, қазақпен қатар түрік халықтарына кеңінен танымал, бірсыпыра түрік тілдеріне кітаптары аударылып үлгерген әдебиетші Құлбек Ергөбектің «Түрікстан жинағы» аталатын жеті кітаптан тұратын еңбегі жайында аз-кем пікір айтсақ деп ойлаймыз.

Жеті томдық (өзі томдық деп қарамапты) жинақтың атының өзі ішіне сыр бүгіп жатқандай. Біз әуелде түрлік формасына қарап «Түркістан жинағы» деп оқығанбыз. Сыншы соңғы жиырма жылда денсаулығына байланысты туған жері Түркістанға қоныс аударғаны белгілі. Түркістан қаласында туған еңбектерін осылай «Түркістан жинағы» деп атаған екен ғой деп ойлағанбыз. Сөйтсек, тіпті басқаша, Түркістан емес, ТҮРІКСТАН жинағы! Осы атаудың сырына үңілгенбіз. Оны жинақтың біріне алғысөз жазып «батасын» берген өзбек жазушысы Насыр Фазыловтан таптық. XIX ғасырда басталып, XX ғасыр басына дейін Түркістан генерал губернаторлығы ұйымдастыруымен жүйелі «Туркестанские ведомости», «Туркестанский сборник» аталатын 500 томға жақын жинақ бар. Бірсыпыра уақыт генерал губернатор Кауфман басшылық жасаған. Отар елдің бодан елді зерттеп, білуі үшін жасалған шара. Бірақ, ғылым үшін керемет олжа. Совет өкіметінің билікке келуіне байланысты тоқтады. Россия бұл кезде бұрын Түркістан аталған өлкені түгел алып болған еді. Сосын қажеті болмаған шығар. Әдебиетші ғалым намысқа тырысып, Патшалық Россия «Түркістан

жинағын» жарыққа шығарғанда мен неге азат елдің азат ойлы қаламгері «Түрікстан жинағын» шығара алмаймын?-деген болуы керек. Оның үстіне Түркістан сөзінің түбірі «түрік». «стан» парсыша жұрнақ. «Түріктер астанасы» болып шығады. Арыда парсы Орыстың бұрмалауымен түрікстан – түркістан аталып кеткен. Ол орыстың «станицасына» да келеді Бұған қоса айтарымыз ХХ ғасырдың басында «Түркістан республикасы» құрылып, аз уақыт өмір сүргені тарихтан мәлім. Табиғатында әдебиет сыншысы, Б.Кенжебаевтың тәрбиесін алған түрколог ғалым «Түрікстан жинағы» атауына тоқтағанда осы жайларды ескерсе керек. Демек, қазақша аты түрік дүниесі жинағы. Мақсаты ескіні жаңғырту, қатені жөндеу, дәстүрді жаңа уақытта жақсы арнада жалғау деп білеміз. Өзі де бір тілшімен сұхбатында осы ыңғайда сөйлеген еді. Қалай болғанда да «Түрікстан жинағы» атап жеті кітап шығару – үлкен еңбек. Бір адамның қасиетті атаумен жүз баспа табақтан астам еңбек беруі, қалай болғанда да, елерлік әдеби құбылыс!

Жеті кітапта әдебиетші түрколог шынында да Ш.Айтматов айтқандай, «...бір қазақ әдебиетімен шектеліп қалмай, Орталық Азияның әдебиетінің арбитры» болып сөйлейді. Қазақтармен қатар өзбек Ғ.Ғұлам, А.Яқубов, Н.Фазылов, қырғыз Т.Сыдықбеков, Ш.Айтматов,А.Акматалиев, татар Ғ.Тоқай, Х.Ю.Миңнеғұлов, башқұрт Ақмолла, А.З.Вәлиди, З.Бикбулатова, алтай Ш.Енчинов, саха М.К.Амосов (Қазақстанда Батыс және Солтүстік облыстарын басқарған қайраткер), түрік Фатьма Сөнмез, шор Л.Арбачакова... өзгелер жайында сөйлейді. Түркиеге, Сахаға, Еділ бойына сапарлап, алған әсерлерін сафари жанрында сипаттап жазады. Сапар саздары барған елін, аралап көрген жерін желе баяндап өте шығу емес. Түрік елдеріне саяхат жазбалары байырғы тұтас түріктік кезеңдерге дейін оқыған еңбектері арқылы барып, оны бүгінгі тарыдай шашырап кеткен түрік жұрағатымен салыстырып тарихи-филологиялық аспектіде, әйтпесе тарих, тіл тарихы, әдебиетті мидай араластырып түркологиялық пайымдармен байытып жазады. Одан түрік халықтарының өткен тарихын да, бүгінгі тағдырын да табасыз. Бір ерекшелігі М.Кәрім айтқандай, башқұрттар жайында айтқанда башқұрт тарихшысы, әйтпесе әдебиетшісі, А.Яқубов айтқандай өзбектер тағдырынан сөз қозғағанда сырт бақылаушы сияқты емес, өзбек әдебиетінің маман сыншысы сияқты дәлелмен айтады, қызықты деректермен дәйектеп жазады. Содан да шығар, алғысөз жазған түрік жұртының көрнекті ғалым түркологтары Қ.Ергөбектің «Түрікстан жинағының» әр кітабын әдеби құбылысқа балайды. Құлбекті өз әдебиеттерінің тарихты, әдебиетті әділ таразылайтын, біліп талдайтын түріктанушы зерттеушісіне санайды.

Жинақтың бірінші кітабына Н.К.Зейбек («Түркістаннан Түрікстанға!»), үшінші кітабына Өзбекстанның халық жазушысы, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н.Фазылов, төртінші кітабына саха академигі Н.И.Васильев («Воин тюркологии»), бесінші кітабына қырғыз профессоры Ж.Бакашова («Алғысөз»), алтыншы кітабына башқұрт профессоры М.Х.Идельбаев («Төрки донъяһының рухи Мәккәһе...»), жетінші кітабына Ресей Федерациясы Думасының депутаты, башқұрттың халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Г.А.Юнусова («Халық улы, ил ағаһы, киң коласлы ғалим, күп қырлы талант эйәһе») арнайы алғысөз жазыпты. Көріп отырмыз, қазақ, өзбек, қырғыз, орыс, татар, башқұрт сияқты алғысөз әр тілде. Басында алғысөзді қазақша аударып бере бастапты да, кейін ойланып қай тілде жазылса, сол тілде беташар ретінде жариялап отырыпты. Әрине, түбі бір түрік халқы дегенімізбен кейбір түрік тілі бүгінгі оқырманға түсініксіздеу болады. Әзірге алғысөздер қай тілде жазылса да оқып түсінуге болады. Әр алуан тілде жазылған алғысөз жинаққа ажар-көрік беріп тұрғандай. Әрі көңілге сенімділік ұялатады. Алғысөз көбіне шолу түрінде жазылады екен. Онда авторды таныстырудан бастап нақты жинақты талдауға дейін бар. Олардың қазақ ғалымын мақтаған сөздерін оқып мақтанышты сезімге бөленесің.

Алғысөздердің түпнұсқа тілінде жазылуы жөн бе? Жеті кітаптан тұратын жинақтағы материалдар алуан тілде. Кейде олар қазақша түпнұсқасымен қатар аударма нұсқасы қатар беріліп отырады. Осындай кездері қайталауға орын беріп алады. Мақсатты қайталау. Дегенде, қайталаудың аты – қайталау. Маңызды мақсатпен жинақталған кітапта автордың қайталауға ұшырамағаны абзал-ақ. Осыдан пікір сабақтасақ «Түрікстан жинағы» көп тілді кітап. Түрік текті халықтар әуел баста біртұтас тайпадан басталып тұтас ұлт болып өсіп, кейін түрлі ұлт, не ұлысқа айналып кеткені тарихтан мәлім. Содан да бүгін түрік халықтары көп тілді. Ұзын саны 200 миллионнан асып жығылады. Еуразия құрылығының көп бөлігін мекендейтін түрік ұлт-ұлыстары төрткүл дүниенің қай түкпірінде де кездеседі. Соңғы кездері татар профессоры Ә.Каримуллин, қазақ тпрофессоры Ә.Ахметов, жазушы Ж.Бейсенбайұлы өз еңбектерінде Американдық үндістердің арғы тегі де түрік екенін дәлелдеп бағуда. Олардың көбі тілін жоғалтқан. Жалпы түрік тілдері (оның ішінде қазақ тілі де бар) келешекте сақтала ма, жоқ па? Ол да мәлімсіз. Міне, осындай түрік тілінің майда бұтақтары өліп, ұлыс жойылып, ұлт мәңгүрттеніп бара жатқан уақытта мұндай жинақтағы материалдың қай тілде жазылса, сол тілде берілуі, әйтпесе аудармасы қоса берілуі – қызықты шықса керек. Жинақтағы Қ.Ергөбектің бұл тәжірибесі де бүгінгі әдеби орта үшін тосын, жаңалық.

Жинақтың басты тақырыптары қандай?

Тақырып – егер орайымен табылса, шырайы кіріп жазылса талант тағдырына айналады. Абай тақырыбы – М.Әуезовтің тағдырына айналды. «Абай жолы» - талай әдебиетшінің тағдырына айналды. Жалпы Қ.Ергөбек сын кітаптары тақырыптық тұтастық танытады. Мейлі алты кітаптық «Арыстар мен Ағыстар» болсын, немес «Өлеңсөз», «Қарасөз», «Сарасөз», «Дарасөз» болсын, бірі қазақ поэзиясы, келесісі қазақ прозасы, балалар әдебиеті, әдебиет тану мен сын, деректі әдебиет секілді, әрқайсысы бір жанрды талдап шығар еді. Ол кітапқа әрі тақырыптық тұтастық, әрі жанрлық жүйелілік сыйлар еді. Содан бар еңбектің тұтас сипаты қалыптасар еді. Жеті томдық «Түрікстан жинағын» жалпы алсақ, түрік халықтары тарихы, тағдыры туралы деуге болар. Ондай жағдайда жеті томдық жинақ тұтасып шыға келеді. Ол жалпы алғанда. Жекелеп алсақ, жинақтың тақырыбы - әралуан. Түрік ұлт-ұлыстары туралы мәлімет те, олардың тарихы да, әдебиеті де бар жинақта. Бір әдебиетті алсақ, қазақ әдебиетінен бастап өзбек, қырғыз, алтай, татар, башқұрт, шуаш, шор болып жалғасады. Бірақ, жеті томдық жинақ бір әдебиет туралы ғана емес. Алуан мәселе қамтылады. Жинақ әр алуан тақырыпты. Жинақтың 1-ші кітабын ғана алып

қарайық. «Түркістан және Елбасы», «Түркістан бағы», «Ұлы ұстаз, ғалым Бейсембай Кенжебайұлы және басқалар туралы жазбалар», «Түркология тарланы» (Ә.Нәжіп), «Көшбасшы» (З.Ахметов), «Министрдің қабылдауында» (Ш.Елеукенов), «Кісілікке бергісіз кішілік» (Ә.Жұмабаев), «Алашорда ақиқатын алғаш айтқан ғалым» (К.Нұрпейісов), «Абырой болар шын ғалым аты...» (С.Қасқабасов), «мазаң жүрек, маздаған жыр...» (С.Мәуленов), «Шоқауыз...» (С.Адамбеков), «Мейірімсіз қара жер, сөзіме менің қарашы...» (Айтбай ақын), «Түрік дүниесіне танымал Түркістани» (Р.Сейтметов), «Аға» (Ө.Айтбайұлы), «Армысыз, Сағат аға?!» (С.Әшімбаев жайлы үштаған), «Сырбаз болмыс» (С.Абдрахманов), «Шымырлап ойға тараған...» (Ж.Дәдебаев), «Бекзат» (Б.Байтанаев), «Сұмдық дарынды еді» (Е.Айнабеков), «Ханның қамқа тоны» (М.Жолдасбеков), «Бармасаң, келмесең жатболасың» (Ш.Мұртаза), «Кісілігіңізден айналайын, Әбіш аға!» (Ә.Кекілбайұлы), «Қимас қазына қайда екен?» (Ә.Қайдариға хат), «Қазақ елі» - бейнелеу өнерінің табысы», «Шор альбомы» (Арбачаков), «Қайсар қазақ» (О.Сыздықов), «Байылдыр аға жайлы баян» (С.Жолдабаев), «Түркістанға байланған тағдыр» (Қ.Сарыбаев), «Өмірлік міндетім - өлең жазу..» (Қ.Сарыбаев), «Түркістандық Өмірбай ақын.»(Ө. Сәуірбаев), «Шыңғыс шыңы» (Ш.Айтматов), «Таным сабақтары» (Қ.Нұрмаханов), «Сұлтандары соңына музейлер қалдырып өткен елде...» (Түркияға сапар), «Тамыры терең туыстық» (Өзбек – қазақ байланысы), «Халық қазынасын қастерлеп...» (сұхбат), «әл-Фараби есімі әлсіреп кеткен жоқ па?» (сұхбат), «Қасіреттен қасиет туғызар музей» (музейтану), «Түрік қызы – Түркістанның құрметті азаматы» (Ф.Сөнмез), «Түрік қызының Түркістан атынан тартуы» (Ф.Сөнмез), «Қазақстанда тұңғыш түркология кітапхана-музей ашылмақ» (сұхбат), «Түріктік тұтастыққа ұмтыламын...» (сұхбат).

Түріктік тарихтан алашшыл тарихшы ғалымға (К.Нұрпейісов) дейін, жеке музейдің жасалуынан қаласы тұтас музейге айналған Түркияға дейін, музей мәселелерінен музейлік жеке экспонаттың табылып, зерттелуіне (М.Жолдасбеков) шейін, археологиялық ландшафтан Сығанаққа (С.Жолдасбаев) ұластырып, түрік әлемінен жер бетінен жойылып бара жатқан Шорға шейін, тәуелсіздік аламыз деп араласудан қалған қазақ-қырғыз жайы (Ш.Мұртаза көтерген мәселеге орай), түркология тұлғасы (Ә.Нәжіп) тағдырынан оның қазақ ғалымдары алып келіп қолды еткен жеке кітапханасына дейін (Ә.Қайдариге хат), әлемдік әдебиеттен шоң Шыңғыс Айтматовқа дейін, оның шығармаларын алғаш қазақ тіліне қотарған (аударған) сыншы Қ.Нұрмахановқа шейін, қазақ әдебиеттану ғылымын түріктік бастауға сүйреген Б.Кенжебаевтан Кенжебаевқа Түркістанда ашылмақ кітапхана-музейге дейін, өзін тәрбиелеген С.Әшімбаевқа шейін, ұстаз тұтқан Ә.Кекілбайұлының қайырымдылығы, Түркістанды туған отаным деп қабылдайтын түрік қызы (Ф.Сөнмез) туралы қамтылған мақалалар. Аяғында «Түріктік тұтастыққа ұмтыламын»- деп тілшіге ізгі ниетін, шығармашылық мақсатын сыр етіп айту, ой бөлісу.

Бұл бір жағынан түрколог ғалымның алымдылығын, жазар дүниесінің ауқымдылығының айғағы. Жинақтың бір кітабы ғана. Ойланып көрейікші, қамтылмаған мәселе бар ма? Бар шығар. Дегенде, ғалымның қамтыған тақырыптары көңіл тоғайтады. Түріктік ауқым, тақырыптық әралуандық, жазушылық жанрлық шеберлік, тың форма табу... бәрі де бар жинақта.

Жинақта дегенде 1-ші кітапты ғана сөз етіп, біреуіне ғана тоқталып отырмыз. Осындай тағы алты кітап, бәрі қосылып жеті жинақ.Олардың әрқайсысында тақырыпты игеру, форма тауып жазу, материалды игеріп талдау табиғатынан туатын ерекшелік, осының бәрін ойша шолғанда «таң қалдыра» (Г.Бельгер) білетін Ергөбек қаламынан қызықты туған қыруар еңбекке тап боламыз. Сөйтеміз де «...Ергөбековті Ергөбековтей бақайшағына дейін жіліктей шағып, жіліктей зерттеп, жіліктей түсіндіру үшін тағы бір Ергөбеков керектігіне» (Ә.Кекілбайұлы) көз жеткізіп «таңқалып, тамсанамыз» (Ә.Кекілбайұлы)

Жеті кітаптық жинақтың жанрлық сипаты, жазылу ерекшелігі жайында не айта аламыз?

Қ.Ергөбек әуелден түрлі тақырыптағы мақалалардың басын зорлап иіп, кітапқа айналдыра беретін автордан емес (Р.Нұрғалиев). Әр кітабы тақырыбы жөнінен тұтас, әр кітабы бір жанр аясына топтастырылған дүниелер. Бірінші жинақ түрлі мақалалардан бас құрапты. Екінші жинақта «Құбылып соққан замана желі-ай..» (С.Мұқанов), «Халық даналығы мен азамат ғалым тазалығының үйлесімі (Б.Кенжебаев), «Жыр толағай» (Ә.Тәжібаев), «Дүние шіркін, дүркін-дүркін, өтеді бір күн...» (М.Қаратаев), үшінші кітапта «Қайран, қазақ қыздары» (шындығында түріктік қыз тұлғалар), «Ағалар тағдырын еске алсақ (тұтас С.Мұқанов жайы), «Құрдастарыма хат, немесе қазақ әдебиетінің бір буыны тағдыры» (Ж.Шаштайұлынан С.Мәметке дейін), төртінші кітапта «Алыс көкжиектерді аңсаймын», «Тау мен Даланы туыстырған» (Ш.Айтматов циклы), бесінші кітапта «Әдебиет зерттеушілерінің пірі» (Б.Кенжебаев), жетінші кітапта «Кітаби ақындар» тұтас тақырыпта туған бағалы дүниелер.

Аталған тарауларды тақырыптық тұтастығына, талдау табиғатына қарап жеке-жеке монография деп қарауға болады. Ғылыми, ғылыми-публицистік мәнерде жазылған монография. Көбісі ешқайда жарияланбаған тың дүниелер. Әлі жеке кітап та болып басылар. Қай монографиясы да тың дерегімен, жаңаша пайымдауы, танымдық мәнімен озық тұр. Оған дау жоқ. Бірақ, Құлбек советтік кезең әдебиетшілері сияқты С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, С.Қирабаев, тіпті Шыңғыс Айтматовты әсіре көтермелеп, идеализация жасап алатынын байқамайтын сыңайлы. Зерттеу объктісін жанындай жақсы көреді. Дұрыс-ақ. Жақсы көрген тұлғаларды мадақ дәрежесіне дейін көтермелеудің қажеті қанша? Жөні талдау емес пе? Талдау сәтінде тұлғаның жетістігі айтылып, кемшілігі айқын көрініп жатпас па? Талдау Қ.Ергөбектің сыншылық, әдебиетшілік мәнері. Дегенде, әдебиеттің айтулы тұлғаларының шығармасын талдағанда беделге басын июшілік байқалады. С.Мұқанов ірі тұлға. Бірақ, С.Мұқановтың поэмаларын талдағанда (30-шы жылдар поэзиясы) тың деректерді қатыстырып отыратынына қарамастан, әдебиеттің асыл мүлкі деуге бола қоймас. Отызыншы жылдары туған ол поэмалардың көбі бүгінде жетістік болып танылмайды. XX ғасырдың отызыншы жылдары туған поэзия табысы деп М.Жұмабаев, І.Жансүгіров туындыларын ғана айта алсақ керек. Егер кезінде профессор Т.Нұртазиннен бастап бірсыпыра әдебиетшілер С.Мұқановтың поэзиясын (оның ішінде поэмаларын) сыпыра мақтаған бол-

са, ол кеңестік саясаттың ықпалы. Ол жерде ешқандай эстетикалық талғамның рөлі жоқ. Біржақты кетіп қалады дегенде осындай сәтті айтамыз. Дегенде, бұл монографиялар жеке кітапқа сұранып тұрған бағалы дүниелер.

Енді, бірде материалдар «Өлеңтану», «Өнертану», «Әдебиеттану», «Тұлғатану», «Түріктану» сияқты тарауларға жүйеленіп беріледі. Бұл да «Түркістан жинағына» тақырыптық, жанрлық тұтастық беретін бағалы сипат. Сыншы, ғалым бірінде айтпаған ойын екіншісінде айтады, бір ойды екінші мақалада жалғап алып кете барады. Аяғында бәрі жинақтала келе тұтас дүниеге айналады. Тұтас дүниенің оқырманына сыйлар танымдық қуаты да, эстетикалық ләззаты да мол болады.

Бір тақырыпта туған жеті жинақ. Айтуға ғана оңай. Түрік халықтары тұлғалары, тұлға тудырған заманынан озық туған (бүгінге жеткен) өміршең туындысын жаңа уақытқа сай жаңаша талдап сөз сабақтау оңай емес. «Түркістан жинағы» аталатын 7 кітапта түрік халықтарының тарих толқынынан сүрінбей «құйрық, жалын сүзіп» шыққан жүйріктерін (Ш.Айтматов, М.Кәрім, А.Яқубов, Ә.Кекілбайұлы секілді), арғы-бергі тарихи кезеңде тіршілік кешкен ойшыл тұлғаларын, сұрыпталып шыққан әр дәуір туындыларын іріктеп алып, өз уақытымен, қанаттастарымен салыстыра саралау, бүгінгі талаппен қарап талдау жасау - бүгінгі таңдағы көрнекті қазақ әдебиетшісінің үлкен табысы. Өзге замандастарында кездесе бермейтін сұрапыл бейнет, содан туған ерекше еңбек шоғыры, сыншы ғалымның ғана емес, қазақ әдебиетінің еселі табысы дерлік. Ең бастысы бір қазақ тарихы, әдебиеті, тілімен шектелу жоқ, күллі түрік дүниесін түгел қамтып сөйлеу, оларды өзара сабақтастырып жүйелі талдау еңбектері. Өз атымен атасақ түркология ғылымындағы табыс.

«Түркістан жинағының» әр томына алғысөз жазған бір-бір түрік жұртының бетке ұстар ғалымдары, жазушылары бағалары да осындай пікірге бастайды. Қазақ ғалымы еңбегін шолу түрінде сөз ете отырып, мақтаулы шығармашылық портретін жасайды. Ол алғысөздер (даңқты алты қаламгердің алғысөзі) бір арнаға құяды, бір түйінге келеді: «Құлбек Ергөбек заманымыздың ірі түркологы!»

Өзін де, сөзін де сыйлайтын Шерхан Мұртаза ол жайында: «Сіз адал жүрек, ақ ниет, елге деген шынайы жанашырлықпен қай мәселеге де азаматтық парыз тұрғысынан қарайтын көрнекті әдебиет сыншысы, ғалым, жазушы, педагог ретінде Алаштың көшбастар серкелері қатарынан теңдессіз орныңызды таптыңыз»-деп жазған еді.

Сөз басында «Ақиқат» журналы айтқан бағалауға қайта оралсақ, бүгінгі қазақ журналистикасы, әдебиеті, филологиясын ғана емес, тұтас түркология ғылымын талантты ғалым Құлбек Ергөбексіз елестетуге болмайды. Оның еңбектерінің бүгінгі күні орыс, түрік, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, саха өзге де тілдерге аударылып жарияланып, кітап болып басылуы біздің сөзімізге бұлжымас дәлел. Ол бүгінгі таңдағы түркологияға еселей-еселей үлес қосып келе жатқан түрколог ғалым, жалпы түріктік тұлға! Оған 7 томдық «Түркістан жинағы» дәлел!

Айткүл ДОСЫБАЕВА,
филология ғылымдарының кандидаты

НАЗЫМ СӨЗ

ФОТОГРАФ



Ойда жоқта таныс бейне адаммен,
Ұшырастым келе жатып баламмен.
Фотограф болатұғын ол кісі,
Сағынышпен сол кезді еске алам мен.

Әкем үйге келе жатқан мені алып,
Саябақты сәл кідірдік, демалып.
Фотограф келе қалды сол сәтте,
Жанымызға жүзі жылы, өңі анық.

Тұрғызды да біз қалаған пішінмен,
Әкемізбен екеумізді түсірген –
Дәл сол сурет сақтаулы тұр әлі үйде,
Тірі жүрсем, төрден төмен түсірмен.

Қаншама жыл өтсе дағы арасы,
О, тәңір-ай, бұл қызыққа қарашы.
Қайта айналып суретшіге келіп тұр,
Бір кездегі жас баланың баласы.

Өткен күнді алмастырмас алтынға,
Қайран әкем, жан едің-ау, нар тұлға!
Өзің кетіп, өзгерсе де дүние,
Фотограф сол баяғы қалпында.

Фотоаппарат «ЗЕНИТ» екен баяғы,
Өткен күннің түсті есіме аяны.
Фотограф – сенсің сәби шағымның,
Дегім келді, бақыт құшқан баяны.

Фотограф, таусылса да кадрың,
Жоғалмасын деп тілеймін қадірің.
Ұрпағымнан, ұрпағыма жетеді,
Суреттегі сен түсірген тағылым!

Асқар ДҮЙСЕНБІ

ШӘЙІ БҰЛТТАРДАН ШӘЛІ БАЙЛАҒАН...

КҮЛӘШ АХМЕТОВАНЫҢ МҰҚАҒАЛИМЕН КЕЗДЕСУІ



Алып өтіп сапар-күннен
Өлеңімнің жарқылы.
Асуларға бет алдым мен
Қия жолдар арқылы.

Күләш Ахметова

1966 жылғы мамыр айы. Күләш аудан орталығы Аққөлде өндірістік тәжірибеде жүрген. Бір мекеменің бас бухгалтері болып істейтін Рая деген құдашасының үйіндееді.Анда-сандааудандық,облыстықбасылымдарға мақала, өлең беріп жүргені болмаса қаламгерлер ортасынан ауылы алыс Күләшқа аяқ асты хабар келді. Алматыда өтетін Жазушылар Одағының VI съезіне осы аймақтағы жас жазушылардың атынан қатыстырылады екен. Күләштің қуанышы қойнына сыймады.

Үстіне бар тапқанын киініп, Күләш делегацияға қосылған. Алматыға келген соң ұйымдастырушылар «Алатау» қонақ күйіне түсірді.

Бұл Күләштің Алматыны алғаш рет көруі. Қала керемет сұлу екен. Бұталары жасыл жапырақтар жамылған ағаштар қаланы одан сайын көріктендіре түседі.

Қонақүй бөлмесіне сөмкелерін қойып, орналасқан соң Күләш сыртқа шығып, қала келбетін тамашалап тұрған. Съезге келген жерлес ақын Рафаэль Ниязбеков жанына таяды. Екеуі әңгімелесіп тұр еді, анадайдан дабырлай сөйлеп келе жатқан кісілерді көзі шалды.

– Мұқағали келе жатыр, - деді Рафаэль.

Сөйтті де, тағы бір жазушыларды көрді ме, асығыс басып кете берді.

Мұқағалидың атын естігенде Күләш жалт бұрылды. Бейне тау көшіп келе жатқандай... Бұрын соңды Күләш өзі өлеңін жаттап жүретін Мұқағали Мақатаевты көрген емес. Тіпті, бүгін көрем деп ойлаған да емес.

Ақын қонақ үйдің есігіне қарай басып келеді екен. Жанында бір жігіт бар, иығына фотоаппарат асынып алыпты.

Аң-таң болып қарап тұрған Күләшты көрді де, басқышпен көтеріле бере, кілт тұра қалды:

– Сен маған шарфыңды бер, шарфыңды бер,
Қырдың желі мойнымды шарпып жүрер, –

Осылай Мұқағали қолын сермеп тұрып, өлең жолдарын оқыды.

Күләш та қарап қалған жоқ:

Алатаудың арда өскен тентегі ме ең,
Қайырымды құрбының нарқын білер? –
деп жалғады.

Қуанса балаша мәз болып қуанатын, күлкісімен дүниені толтыратын ақын бұны естігенде рахаттана күліп алды. Расында, күлкісі сәбидің күлкісіндей пәк. Риясыз көңілдің белгісі сияқты.

– Өй, батыр бала, батыр бала, - деп, сүйсіне қараған Мұқағали кідірмеді. Жанында еріп жүрген фотограф жігітке бұрылды да:

– Тарт бізді! – деді.

Күләш түсіне қойды, «суретке түсір» дегені екен. Сірә, жетісулықтар осылай сөйлейтін болса керек.

Осы сәт ақын баспалдақпен бір саты төмен түсті де, тағы өлең оқыды:

Мен аласамын,
аласа болсам да жарасамын.
Өмір сахнасына алған заңды билетім бар,
Заңды орныма таласамын...

Күләшқа бұл да таныс. «Отыз бесінші көктемім» деген атақты өлеңі.

Екеуі суретке түскен соң, Мұқағали ақын Күләштан сұрады:

– Съезге келдің бе?

– Иә...

Ақын ойланып қалды:

– Өлең жазасың ба?

– Иә, ептеп жазамын.

Байқайды, Мұқағалидің жүзін мұң көлегейлеп өтті. Сірә, қыздың өлең жазатынына өкінген, ақындық жолын таңдағаны үшін жаны ашыған сияқты...

Ақын «Жұлдыз» журналында жұмыс істейді екен. «Өлеңдеріңді тастап кет» деді де, бұрылып жүре берді...

ҰЗАТЫЛУ

Ізімкүл мен Несіпкүлді ерте келген Күләш неке қию рәсімі өткеннен кейін өз міндетіне кірісіп кетті.

Сыр елінде жаңа түскен келіннің қолынан шай ішу, яғни, «келін шайы» салты бар екен. Оның өзі үлкен бір сынақ. Келіннің тірлікке икемділігі, пейілінің кеңдігі, ұстамдылығы, қимыл-әрекетіндегі жарасымдылығы – бәрі-бәрі осы келін шайы үстінде таразыға салынады. Мұндай сынақтан мүдірмей өткен келінге ауылдың үлкендері ризашылығын білдіріп, батасын береді.

Қалыптасқан дәстүр бойынша ауылдың жас-кәрісі жиналған соң дастарханның төменгі жағына жайғасып, Күләш шәй құя бастаған.

Мұндада шәй құю сахнаға шыққан адамның өнер көрсеткенімен бірдей дүние екен. Сүт құйылған құты, шәйнек, сақырлап қайнап тұрған самаурын -оның сүйемелдейтін аспабы тәрізді.

Ауыл адамдарының әңгімесіне құлақ түре отырып, шәй құйып отырған Күләш алдымен сүт, содан кейін шайдың қызылы, соңынан қайнаған су құйылып, орта белінен қызылкүреңденген кеселерді бірінен кейін бірін ұзатып отырды. Етекте ыздықтала құйылып, ырзықтандырылған кесе қол жалғау әдебі бойынша кісіден кісіге өтітіп отырып, сонау төрден бір-ақ шығып жатыр.

Ибалы кейпінен айнымай сызылып шәй құйған Күләштің күйі кете бастаған. «Шәйің тәтті екен, жақсы кетіп жатыр», «о, айналайын, келіннің шәйі жақсы екен» деген секілді мақтау айтып, үлкендер кесе ұсынған сайын қадала қараған көздерден қысыла түседі. Үстіне киген халаты да қонымсыздау сияқты. Етегін жапса, иық тұсы тартылып кетеді. Иығын ыңғайласа, етегі көтеріледі. Одан қалса, аяғы үйіп қалғандай болады.

Ақ самаурындағы қайнақ су таусыла бергенде Күләш енді тұрармын деп ойлаған. Алайда, ақ самаурындағы шәй таусылғанда сары самаурын келе қалды. Қайырбектің Хайролла есімді ағасының үйіндегі Күлән абысыны самаурынды ауыстырып қойып кетті.

Ауыл адамдары асықпай, әңгімелесіп отырып шәй ішкенді жақсы көреді екен. Күләшқа осылай екі сағат тапжылмай шай құюға тура келді. Қазақтың «келінді бастан» дейтіні осы болса керек. Келінге алғашқы күннен бастап, өз орнын, өз міндетін ұғындырып қою да халықтың даналығы болар.

* * *

Қайырбектің туыстарының шақыруымен күнбе-күн қонақта болып, елде бір апта жатқан соң студент жастар Алматыға қайтуға жиналды.

Күләш әлі де енесімен ашылып бір әңгімелескісі келіп, жаутаңдаумен жүрген. Қонаққа барғанда сыйсияпат ретінде әрбір үйдегі туыстар неше түрлі орамал, гүлді маталар берген екен. Енді сол заттарды сылтауратып тағы да Фатима ананы әңгімеге тартпақ болды.

– Мама, мына маталарды қалдырып кетейін бе, ¬- деді ол әдеттегі жұмсақ үнмен енесіне күлімдей қарап.

Фатима ана тағы да қысқа ғана жауап қатты:

– Иә, тастап кете сал.

Қайырбектің Асқар Кіребаев, Серік Әлімбетов, Келдібай Уәйісов деген ақын достары ықылас-пейілдерін аямай қалаға дейін шығарып салды.

Күн боранды екен. Тереңөзектен Қызылордаға дейін олар мәшинемен келген. Қызылорданың әуежайына жеткендері сол, әлдекімнің гүрілдеген дауыспен өлең оқып тұрғанын естіді. Қарап еді, поэзия әлемінің ақтаңгері Мұқағали ақын екен.

Сыбызғыдай сызылтып азалы үнін,
Өкпек желі соққанда Қазалының,
Тосырқама, енде кет бір үйіне
Қазалының кез келген қазағының...

Жан баласын жатырқамайтын ақынның өлеңдерін бір топ кісі ауыздарын ашып тыңдап тұр. Күләш пен Қайырбекті жас ақындар ретінде біраздан бері танитын Мұқағали қуанып кеп кең құшағына алды. Өзі Қазалыдан қайтып келе жатыр екен.

Ұшаққа отырған соң өлең оқу тоқталып, әңгіме басталды. Күләш пен Қайырбектің отау тіккенін естіген ақын айрықша тебіреніп, тілектестігін білдірді. Сөйтіп, біраз үнсіз отырды да:

– ¬Қайырбек! – деді ақын. Күләш қарап еді, тура баяғыдай ақынның жүзін мұң көлегейлеп, әлденеге жаны ауырып тұрғандай екен. Сонда да ол сөзін жалғап отыр. Қабағы түйіңкі: – Сен, қарағым, көп қыздың бірін алып отырған жоқсың. Күләш – ақын. Жанып тұрған ақын. Ендеше жыр тағдыры, өлең тағдыры саған аманат!..

Мына сөзді естігенде Күләш жылап жіберуге шақ қалды.

Алматыға жеткен соң Мұқағали ақын Қайырбекті өзімен бірге үйіне ертіп кеткен. Күләш жатақханаға түнемекке Ізімкүл мен Несіпкүлге еріп, студенттер қалашығын бетке алды...

ЖАРҚЫН ЖЫЛДАР

1976 жылдың 27 наурызы.

Қазақ елі қайғылы хабардан қара жамылды. Суық қайғы. Мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев ұзақ сырқатынан кейін дүниеден озыпты.

«Ақын өтті дүниеден. Көктемде кетті. Ақынның өмірді қимауы сияқты күн райы да жазылмай, қатты суып тұр еді. Енді бүгін ақша қар да ағыл-тегіл еріп, жер беті біз секілді ағыл-тегіл жылап жатыр.

Жыла, жер! Жыла, жаңбыр! Жыла, көктем! Ақиық ақын дүниеден өткен күні...»

Күләш күнделігіне осылай жазып қойды.

Көз жасымен жазды...

Ертеңінде де қайғырған көңілден оқтын-оқтын жыр жолдары, қара сөз төгіле түсті.

«Әркімнің өз Пушкині бар. Менің Пушкинім бүгін өлді...»

Қырық бес жасында осынша даңққа бөленген ақынға қазақ әдебиеті, қалың қауым, қатал биліктің назар аударманғанына, дер кезінде лайықты бағасын бермегеніне, оны сақтай алмағанына өкінді.

Жазушылар Одағы үйінің екінші қабатында өткен, ақынды жерлеу рәсіміне кісі көп жиналды. Азалы залдағы үнсіздікті Моцарттың жан ұшырған реквиемі теңселтіп тұрғандай.

Қазақ поэзиясының қабырғасын қайыстырып кеткен ақиық ақынын туған халқы күңіреніп шығарып салды.

Бұл 28 наурыз болатын.

* * *

Мұқағали көз жұмғаннан кейін арада бірнеше күн өткенде Күләш түс көрді.

Жазира дала екен дейді. Алдында бесік тұр. Қызылды-жасыл сырланған, қазақи ою-өрнегі бар, әшекейлі бесік. Күләш сүйсініп, көз ала алмайды. Сәл еңкейіп, ішіне қарайды. Сол сәт құлағына Мұқағали ақынның дауысы келеді: «Енді оны сен тербет!» дейді әлдеқайдан зор үнмен...

Таңертең үлкен әсермен оянған Күләш ойланып отырды.

«Ол бесікті тербете алар ма екенмін?..»

Осыдан кейін ол көрген жерде аяп та, аялап та қарайтын ақын ағасының аманатына адал болуға, Алла берген өнерді өмір бойы қастерлеп өтуге шын бекінді.

Нәзира БАЙЫРБЕК,
Алматы қаласы

Мыңжан БАЙЖАНИН

ТӘҢІРДІҢ таңдауы

(Батырдың бес ерлігі)

ЭССЕ



(Соңы. Басы өткен сандарда)

Тоқтар Шымбұлақта шаңғы теуіп жүрген!..

Ел Президентінен шақыру алды. Осыған дейін де Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы кезінде Н.Назарбаевтан ғарышқа ұшу жөнінде екі рет ұсыныс түскен. Келісімін бере алмаған…

Міне, үшінші ұсыныста Нұрағаң: «…Зар жылап жүрген қазақпыз. 30 жыл біздің жеріміздің ғарышқа басқалар ұшып жатыр, әлі күнге дейін бір қазақ жоқ…» – деді. "Қоянды қамыс өлтіреді, жігітті намыс өлтіреді" деген, мемлекет басшысының жігерлі сөздеріне қарсы айтар уәждің мәнсіздігін түсініп, Тоқтар келісімін берді…

Мұның өзі кекірігі азып, кеудесін керіп дағдыланған Мәскеудің алдында оңай шаруа болған жоқ. Кеңес Одағындай алып мемлекеттің ыдырауы барысында арадағы өзара келісімдерге қарамастан, кеңестік ғарыш саласының шенеуніктері Байқоңыр атты жердің иесі – қазақ ұлтының ғарышқа талпынысын тыжырына қабылдап, әртүрлі сөзбұйдалыққа салынып, қазақ ғарышкерінің ұшуын кейінге шегере берген…

Бірақ, бірбеткей қазақ басшысы Н.Назарбаевтың ресейліктерді тік тұрғызып: «Енді қазақ ұшады. Қазақ ұшпаса, «Байқоңыр» жабылады!» – дегенін Тоқаң өз құлағымен естіді.

…Нұрекең М.Горбачевке: «Қос азаматымыз Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев ғарышқа ұшуға дайын! Тоқтарды өзіңіз білесіз, Одақтың геройы…» – деген соң, мәселе оңды шешімін тапты…

…Бәрі де кешегідей көз алдымызда. 1991 жылдың 2 қазаны. Таңғы сағат 7.00. Мемлекеттік комиссияның төрағасы, генерал Иванов Қазақстанның Президентін алға шығарды. Елбасы өзімен бірге одақтас республикалардың алты президентін ертіп келіпті. Бәрінің жүзі таныс. Қонақтардың қатарында Австрияның федеральді канцлері Франц Враницкий де бар. Халық қарақұрым…

…Қазақтың тұңғыш ғарышкері сапарға аттанып бара жатты…

Екі иығына екі кісі мінгендей алып тұлғалы Тоқтар ӘУБӘКІРОВ қазақ елінің басшысына қазақ тілінде: «Сапарға дайынмын!» деп, баянат жасады. Бір кезде есеп басталды. Бір сағат, жарты сағат… бес минөт, бір минөт қалды…

Тоқаң зымыранға барып отырғасын люктардың

бәрін тастай бекітіп, жауып тастады. Сонда ғана Тоқтар бұл жерден шыға алмайтынын, олай болса, қазақ ұлтының жүгін арқалап, бүкіл міндетін мықты атқару керектігіне тас-түйін бекініп, іштей бекем бекінді.

ТОҚАҢНЫҢ СӨЗІ: «… «Бір минөт қалды!..» дегенде, жүрегім дүрсілдеп, демігіп кетсем де, жылдам есімді жиып алып, жұмысқа кірістім. Кенет, бүкіл қорқыныш пен үрей – зым-зия болды. Командир: «Кеттік!» дегенде, менің айтқаным: «Ал қазағым, сен үшін жануға да, ұшуға да дайынмын!!!» …

Тоқтардың осы сөздерінің бәрі жазылған таспа мұрағатта жатыр…

ТОҚТАРДЫҢ ӨЗІ: «…Мен ғұмырында сескенбеген бірде-бір адамды білмеймін. Мен де пендемін, менде де үрей болды. Рас, ұшып жатқандар аз емес. Барғандары да бар, бара алмағандары және бар. Барып, оралмағандары да бар. Бірақ, менің бір әдетім, ұшақтың орындығына отырғанда, артық ойдан арыламын. Зымыранның кабинасына кіргенде, қалай болар екен, деп ойладым. Сонда менің жүрегімнің соғысы – 68, қан қысымы – 120/80 болыпты. Басқалардың жүрек қағысы 170-ке жетіп, қан қысымы жоғарылап кетеді екен. Дәрігерлер менің салқынқандылығым мен сабырыма таң қалды…

Еліміз әлі тәуелсіздігін алған да жоқ еді. Бірақ, соған дайындалып жатқан… Бір сөзбен айтқанда, бұл күн – менің бүкіл қазақтың намысы екенімді мықтап ұққан күнім еді!..»

Тоқтар ӘУБӘКІРОВтің көкке самғауы – қазақ үшін отыз жыл алдыңғы, 1961 жылғы Юрий Гагариннің ғарышқа аттануынан бір мысқал да кем түспеді. Сол бір жүректер толқыған, шаттық шалқыған аса әсерлі сәттерде Н.Назарбаев: «Алғаш рет, өзіміз болып бірінші ғарышкерді сапарға шығарып салдық. Байқоңыр өзінің шын мәніндегі мақсатын бүгін орындады!..» – деді…

Тоқтар ӘУБӘКІРОВтің ғарышқа сапары – мұқым мұсылман жұртының, бүтіндей түркі әлемінің, әрі қайсар қазақтың тарихындағы толағай оқиға болды. Қазақтың ғарышты бағындыруы – қатардағы сапар болған жоқ.

Бұл – жалпы адамзат баласының жаңа технологияларды дамытуын бір сатыға көтерген сапар еді. Арнайы «Қазақстан-Ғарыш» бағдарламасы – қолданбалылығы жағынан дүниежүзілік космонавтикадағы ең мықты бағдарлама болып танылды. Қазақстан Ғылым академиясының президенті Өмірзақ Сұлтанғазин басшылық еткен қазақ оқымыстылары мен Ресейдің 300-ге жуық ғалымдары бірігіп, қоян-қолтық қатысқан ауқымды жұмыс жоғарғы нәтижелерін берді.

ТОҚАҢНЫҢ СӨЗІ: «…Бұл бағдарлама – мен және Талғат Мұсабаев қана емес, барлық орыс, американ ғарышкерлері жұмыс істеген: медицина, биотехнология, геофизика, металлургия, тағы басқа көптеген салаларды қамтыған өте күрделі бағдарлама.

Канадада Георгий Гречка деген ғарышкер бірнеше қабатты пленкамен жердің спектральді анализін арнайы пленкада жасады. Мен Қазақстанның жер қойнауын сол үш пленкаға толтырып түсіріп әкелдім. Алғаш рет Аралдың табанынан ұшқан тұз сонау Қиыр Шығыстағы мұзарттарға түсетінін анықтадық. Теміртаудың түтіні Тынық мұхитқа дейін шұбатылып жететінін білдік…»

Аталған бағдарламаның аясында өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал теңізі аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеулердің нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, сол зиянды аэрозольдардың Қазақстан мен Ресей аумақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспанды астрофизикалық бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті…

…7 тәулік, 22 сағат, 12 минут, 40 секунд ғарыш кеңістігінде болған Тоқтар ӘУБӘКІРОВ «Тұңғыш қазақ ғарышкері» атанды. Тоқтар ӘУБӘКІРОВтің экипажы 1991 жылдың 10 қазанында ғарыштан жерге ауыр оралды. Өйткені, стансадан бөлінетін шаркабина қалыптағыдай болмай, Жерге төңкеріліп түсті. Шарды арнайы ұстайтын белбеу үзіліп кетіпті. Отыз жылдың ішінде мұндай апатты оқиға небары екі-ақ рет қайталанған екен. ӘУБӘКІРОВтің экипажы адамзат тарихында апатты оқиғаның екіншісі болып құжатқа қатталды.

ТОҚТАРДЫҢ ӨЗІ: «…1986 жылы сынақшы-ұшқыш ретінде әскери ұшақты «Тбилиси» бірегей крейсеріне қондыру сәтінде 250 шақырым жылдамдықпен келе жатқан ұшақтың илгекке ілініп қалт тұра қалу кезінде желкеме зақым келген болатын. Салмақсыздық жағдайында бұрын сынған, шытынаған сүйектің жарығы босап, ажырап ауырады, дейді дәрігерлер…

Қанша жылдан соң, аса білгір бір қытай дәрігері менің зақымданған мойын омыртқамен ғарышқа барып келгеніме қайран қалып, сенбей қойғаны бар…

Ғарышқа ұшар кездегі командіріміз Сан Саныч Волков та аса тәжірибелі маман еді. Ал, біз Жерге қонған күні біздерді қалаға алып келіп, медициналық комиссия тексеруден өткізгенде, Франстың да, қайтқан кезеңдегі басшымыз Анатолий Павлович Арцебарскийдің де қан қысымдары төмендемей қойды. Бір ғажабы: дәрігерлер менің бірқалыпты жүрек қағысыма «өте жақсы» деген баға қойып, таң-тамаша болды… »

Ұлы далада туып, буыны бекіген; тұлпар мініп, сұңқар ілген, «Әкем – Көк Тәңірі-Тұңғиық Аспан, Анам – алтын құрсақ Ұмай-Ана» деген кешегі көшпендінің кіндігінің – зәулім Көкке, заңғар Әлемге, көрпесі құпия тылсым-түнекке, мүлдем меңіреу тіршілікке қадам басқандығына иланудың өзі қиын…

Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар ӘУБӘКІРОВтің ғарышқа ұшуымен қатар, қазақтың да намысы оянып, еңсесі көтерілді. Тоқтар Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға құлшына кірісті…

…Тұңғыш атану – жұмыр басты пенденің екеуінің біріне бұйырмайтын қымбат тағдыр! Әспеттеуді де, әсірелеуді де қажет етпейтін табиғи талант, таудай бақ!..

ТОҚАҢНЫҢ СӨЗІ: «Батырлық атақты көтеріп жүру үшін де – Батыр болу керек! Барлық «Батыр» атағын алған адамдар да дәл мен секілді жауапкершілікті жүрегімен сезінетініне кәмілмін. Олар да ет пен сүйектен жаратылған ғой. Бірақ, нағыз батыр болғың

келсе, халықтың ойынан шығуың керек. «Құдайдың жолы – құлшылықсыз болмайды» дейді, бұл менің Отаным, менің ата-бабамның жері, ол қорғауды қажет етеді…

…Бүгін көптеген азаматтар ата-бабалары арасынан кілең батыр іздейтін болды. Қай жерге бармаңыз, сол өңірдегі жігіттердің аталары батыр болып жатады. Біз білетін де – батыр, білмейтін де – батыр. Мен «бәлен батырдың, түген батырдың ұрпағымын», дей алмаймын. Тек, қаз дауысты Қазыбек би бабамның ұрпағы екенімді айтамын…

Мен өзімді аса бақытты жандардың бірімін, деп есептеймін. Жолым әрдайым ашық болды. Сынақшыұшқыш болуыма Дінмұхамед ҚОНАЕВ көмектесті. Ғарышқа ұшуыма Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ мүмкіндік жасады… »

Бұл аз ба? Қаз дауысты Қазыбек бидің қай қазақтан тақиясы тар, кемелдігі кем?. Қазыбектің қазіргі қадірменді жалғасы, қазақтың аэроклубтан әрі аспаған асыл арманын айлы аспаннан бір-ақ шығарған Тоқтар ӘУБӘКІРОВ қазақ пен алашты былай қойғанда, Жер-Ананың кіндігінен толық ажырап, мүлдем жат жаратылыс-дүниесіне тіке тартқан тұңғыш қазақ, бірінші мұсылман, ең алғашқы түркінің баласы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы!

Тоқтар ӘУБӘКІРОВ – жер бетіндегі мұсылман мен түркінің мандайындағы жарқыраған жарық жұлдыз!!!

Бесінші ерлік: Намыстың тілі

«Егер менде намыс болмаса өз Ана тілім – Қазақ тілін үйренбес едім.   …Анасынан қашқан адамнан қандай жақсылық күтуге болады?! &nbs p; &nbs p; Өз тілінен безген жанды мен адам ретінде санай алмаймын.»

…Тоқтар дүниеге «екі мәрте келген» азамат. Өзі «екінші туған жерім» дейтін Қызылорда топырағынан Мәжіліс депутаттығына сайланды. Бірақ, сол кезеңде мансап қуып, дүние жиған, кеудесі лас, пейілі тар базбіреулер Тоқтардың басқа облыста туылғанын бетіне таңба қылып басқысы келді…

ТОҚТАРДЫҢ ӨЗІ: «Менің туған жерім, кіндік қаным тамған жер Қарағанды облысы екені рас. Бірақ, мен ғарышқа Байқоңырдан ұштым ғой. Менің жаңа паспортым бар! Менің мекенім – ғарыш, тұрағым – Қазақстан, туған жерім – Байқоңыр.

Мен аспанға ұшып, аман-есен оралғанымда, табаным осы қасиетті жерге тиді. Ана жаққа барып қайтқан адам жаңадан туған сәбидей емес пе?!. Сонда менің бұл жерге жаттығым қайсы? Біле білсек, қазаққа осы қазақтың жерінің бәрі – туған жер емес пе?!.» …

Тоқтардың ғарышкерлігі ұлтымыздың нағыз мақтанышы болды. Қазақтың рухы көтерілді, санасезімі марқайды, ұлттық намысы нығайды.

Байқоңырдан екі бірдей қазақ оғыланы ғарыш кемесімен жер шарының шекарасынан асып келді. Тоқтар ағасының ізін басып, арада үш жыл өткенде, Талғат Мұсабаев та ел мерейін үстемеледі.

Әлемнің алдындағы, қазақтың тарихындағы осынау орыны орасан, беделі батпан қос батырымыздың арасына кейбір көркеуде-көреалмастардың пендешілікпен от тастағысы келетіні қынжылтпай қоймайды…

Сөз жоқ, қазақтың тұңғыш ғарышкері – Тоқтар ӘУБӘКІРОВ. Халықты алдай алмайсың, тарихты да, уақытты да кері бұра алмайсың. Ақиқатқа қиянат өтпейді. Сірә, біздің қос қыранымыздың алып айбары – Байқоңырда үрлеп ішіп, шайқап-төгіп отырғандардың, бәлкім, басқа да ғарыш әлеміндегі бәсекелестердің мысын басып, мерейін кеміткен шығар…

Талғат Мұсабаев – ғарышта үш рет болып, жылға жуық Жер шарын айналып ұшқан ерлігі үшін «Гиннестің рекордтар кітабына» енген елеулі батыр. Талғат Мұсабаев – ашық ғарышта ұзақ жүруі жағынан әлемде екінші тұр! Кеменің сыртына шығып, темір жіпке байланған скафандрмен секун¬дына 7 км жылдамдықпен ұшу сәтін көз алдыңызға елестете аласыз ба?!. Егер жазатайым иненің жасуындай ғана ғарыштық қоқыс тап келсе, адам айтқысыз апат болады. Мұның өзі қазақ халқының ортақ жетістігі ғана емес, Талғат Мұсабаев сынды нағыз сарбаз саңлақтың ерен ерлігі!!!

Қазаққа керегі: жат елдің мамандарына, бөтен жұрттың адамдарына кіріптар болмай, өзіміздің қара көздерімізге ғарышты игеруді үйретіп, жоғарғы кәсіби деңгейлерге жеткізу…

ТОҚАҢНЫҢ СӨЗІ: «Қазақ өкіметінің ғарышқа қатты көңіл бөлгені абзал. Әлбетте, қазақ аман болса, ақын да, әнші де шыға береді. Қазақ табиғатынан ақын әрі әнші халық қой. Сондықтан, бүгінгі күні бізге ғарышқа көбірек үйір болғанымыз дұрыс. Енді біздің Ұлттық ғарыш агенттігі әлгі мектепті қолға алатын шығар деп үміттенемін.

Қазақстан ғарыштық мемлекеттер санатына кірді. Осы арқылы біздің елді халықаралық қауымдастық технологиялық ел ретінде қабылдады. Америка мен Еуропаның Қазақстанға деген ескі, тұрпайы көзқарасы өзгерді. Екіншіден, өзіміз өз бетімізбен ғарышты зерттей бастадық. Қашан ғарышта Қазақстанның жақсы жер серігі болады, сол кезде біздің ел биік технологияға қол жеткізе алады… »

…Он бес жыл бұрын Түркияда «Жаңа ғасыр – миллениумға үндеу» науқаны ұйымдастырылды. Науқанға 12 мыңдай хат жолданыпты. Соның ішінде Ататүріктен бастап, түркі әлемінің барлық атақты ұлқыздарына арналған хаттар бар екен. Ыстамбұлдың 11 жасар тұрғыны Байрам Кая түріктен шыққан болашақ тұңғыш ғарышкер Тоқтар ӘУБӘКІРОВке арнаған хатында: «Сіздің арқаңызда түркі халқының көп жылғы арманы, Түркияның тұңғыш Президенті К.Ататүріктің «Болашақ – авиация мен ғарыштың еншісінде» деген ұлы арманы орындалды» – деп жазыпты..

Науқанның комиссиясы түрік халқының ішінен Тоқтар ӘУБӘКІРОВтің есімін таңдайды. Анкараға арнайы шақырумен келген үлкен жиында Түркияның Байланыс министрінің орынбасары Тоқтарға Ататүріктің өз қолымен салған үлкен маркасын табыстап тұрып: «Сіз бүгіннен бастап, Түркияның тұңғыш ғарышкерісіз!» – деп, құрмет көрсетеді…

…О баста, осыдан 20 жыл бұрын Тоқтардың: «Байқоңырды өзіміз игеруіміз қажет» дегені – әулиелік өсиеті көрінеді, қазір…

ТОҚТАРДЫҢ ӨЗІ: « … Аса маңызды бір жәйтті мықтап есімізде ұстауымыз керек. Ғарыш дегеніміз, бұл – жаңа технология. Қазір IT-ақпараттық технологиялар заманы. Ол күн сайын өсіп, өзгеріп тұрады. Бір

орында тоқтап қалмайды. Байқоңырды қазақтар түбі толығымен игеретініне менің еш күмәнім жоқ!»

…Тоқаң кезінде Алматы қаласында мектеп ашып, білікті мамандар тартып, балаларға тәлім беруді бастаған болатын. Сол мектептің оқушылары әлемдік деңгейдегі көптеген олимпиадаларда жоғарғы жетістіктерге жетті. Осынау баянды бастамаға үкімет ықылас танытып, өзінің негізгі басым бағыттарына қосса, қазақтың келешектегі ғарышына жасалған құтты қадам болар еді.

Авиациясыз әскер – қауқарсыз әскер. Ол – қанатсыз құспен тең. Кең-байтақ даласы бар Қазақстан үшін мұның сипаты мен сапасы айрықша…

ТОҚАҢНЫҢ СӨЗІ: «Мойынына жауапкершілікті алу – үлкен кісілік. Өз басым жасымнан еңбекпен өстім. Ал, авиацияда әдеттегі бір жыл – екі жылға есептеледі. Оның үстіне ғарыш саласының өлшемі мүлдем бөлек. Әрқашанда шешімді өзің жеке қабылдауың керек.»

Расында, кәрі тарихтың тарам тармақтарында нағыз қазақ өзінің қырандық қастерлі қасиетін талай дәлелдеген. Мәселен, қадым заманнан бері байдың малын баққан қазақ жалшының өзі баймен бірге дастарқанда қатар отырған. Малшы болса да, басын байдың алдында имеген. Бұл – қазақи тәлім-тәрбиенің күретамыры еді.

ТОҚАҢНЫҢ ӨЗІ: «…Менің балаларым бар, «Не ексең, соны орасың» дейді ғой, әйелім екеуміз жақсы балалар өсірген шығармыз, қазір жемісін көрудеміз…»

Тоқаңның үлкен ұлы Тимур «әке көрген оқ жонып», ұшқыштықты қалапты. Қай жылы Тимурға Американың атышулы “Боинг” фирмасы қызмет ұсынады. Айлығы мол, болашағы зор лауазым. Екінің бірі шыдас бермейтін ұтымды ұсыныс.

Бірақ, біздің Тимур бауырымыз әкесіне: «Байлық қуып, мәнсап көксеп, әрбіріміз айдалаға кетсек, Қазақстанды кім көтереді?!.» – деп, ұсынысты қабылдамай, қазақ топырағында қалыпты. Ақылы дариядай кең, сөзі семсердей өткір бабаларымыз: «Қыраннан – қыран туар жарқылдаған!» – дегенді, әсте тауып-ақ айтқан ғой…

…Әйткенмен, бүгінгі таңда қарапайым қазақи тәрбиенің де «қабырғасы сөгіліп», қадірі тая бастағанына қынжыласың, кейде. Қазір жап-жас көкөрім жігіттің алдында ақсақалдар құрақ ұшып, масқараға ұшырауда. Неге десеңіз, жігіттің ақшасы артық, немесе дөкей тірегі бар, тым болмаса, лауазымды қызметтің иесі.

Бүгін қайсыбір арсыз-ұятсыз мырқымбайлар ақша мен байлық, билік пен мансап үшін арын сатуға бейім. Олар намыстың табиғатынан бейхабар.

Намысы жоқ, ары лас, рухы сынған сандалбайлар қазақтың тілін қажет көрмесе, қазақтың тұңғыш ғарышкері өзінің аспанмен астасқан атақ-абыройына, бедел-биігіне қарамай, қазағының тілін таза үйреніп шықты…

ТОҚТАРДЫҢ СӨЗІ: «…Егер менде намыс болмаса өз ана тілім – қазақ тілін үйренбес едім. Үйренемін деп өз-өзіме серт бердім. Мен қазақпын! Өз ана тілімде ойламасам, мен кім болғаным?! Бұрынғыдай басқа тілде сөйлеп, сол тілде ойланып жүре беруді өзіме ар санадым.

Біреу менің жеке басымнан сөз асырса, оған намыстанбаймын. Менің намысым басқа. Өз ана тілімде сөйлемегеніме намыстандым! Қазақ та өзгелер сияқты әскери ұшақты, ғарышты игере алатынына намыспен көз жеткіздім. Қазір қазақтың намысы осындай болуы керек. «Біреу мені бір ұрды, оған намыстанып, оны екі рет ұрдым» деген намыс емес. Адам алдына мақсат қойса, оған жетуге болады. Елге келген соң, қазақша білмейтініме қатты намыстандым. Күнде өз-өзімді тәрбиеледім.

Құпиямды айтайын: мен қазақ тілін өлең арқылы үйрендім. Кейінгі жастарға айтарым, орысша да, ағылшын тілін де үйренсін, бірақ, ең бірінші қазақ тілін – өз ана тіліңді біл. Қазақша үйренгісі келмейтін қазақтарды өз-өздеріне қарсы адамдар деп санаймын.

«Маған қазақ тілінің керегі жоқ, орысша сөйлей беремін» деген адамдарды көп кездестірдім. Жарайды, өздері солай істесін. Бірақ, олар ата-бабаларын өзгерте алмайды ғой. Айналайын, сендер ата-бабаларыңды, аналарыңды өзгерте алмайсыңдар. Ал, анасынан қашқан адамнан қандай жақсылық күтуге болады?! Өз тілінен безген жанды мен адам ретінде санай алмаймын. Бұл намыстың арқасы. Біле-білген жанға тіл дегеніміз – намыс. Мен – намысты бірінші орынға қоятын жанмын…»

Бұл – нағыз намысшылдықтың өнегесі, ұлтшылдықтың үлгісі. Жаратқан Иеміз пендесіне талант пен бақ бұйыртса, телегей-теңіз молынан нәсіп қылады екен. Ғарыштың заңғар шегіне жетпей-ақ, қара топырақтан табаны ажырамаған әрбір өзекті пенде, қоңыр қазақ алатұғын ғибрат!

Тоқтар ӘУБӘКІРОВтің ғарышқа ұшқан күні – 2 қазанды – қазақтың Ғарыш күні, Қазақстан ғарышкерлерінің күні етіп бекіту орынды шешім болар еді…

Астанадағы Ақорда алаңына немесе Бәйтеректің маңайына Тұңғыш қазақ ғарышкерінің бюсті тұрғызылса, елдігіміздің ерен белгісіне, ынтымағымыздың мызғымас ескерткішіне айналар еді…

ТОҚАҢНЫҢ ӨЗІ: «…Тәуба, халқыма мың рахмет! Қай жерге барайын, құрақ ұшып қарсы алған халық. Айдалада тұрсам да, маған ас әкеліп береді. «Бір ауылға барсам, барлық үйге кіріп шығуым керек» деп жанымдағыларды асықтырып жүремін. Мұндай құрметке жеткендер аз да, жетпегендер миллион. Тек, «Тәуба!» деймін. Халқым аман болса, менің қадірім өмір бойы жойылмайды…

Бүкіл ТМД-да 70 жастағы азамат ғарышқа әлі ұшқан жоқ. Менің бүкіл қазақ халқына өтінішім: Алла қаласа, 70 жасқа келгенімде, күллі қазақ жиналып, мені ғарышқа жіберіңіздерші…»

Жетпісінде мұқалмаған жасын жігер, қайтпас қайрат, қазақы намыс – нағыз нар-намыс болар…

***

Адам ата мен Хауа ана ұрпағының данышпандары пен кемеңгерлері мыңдаған жылдар мәңгілік ғаламның құпиясына құлақ түріп, зейін қойып, шемішжұмбағын сабыла іздеп келеді…

Сырлы сахарада жалғанның есігін қағып, кітап ашып, жұлдыз санаған; сүйікті пайғамбарымыздың жасына жеткенде, жарық дүниені талақ тастап, қара жердің өзегіне түскен; қазып алған қылует құтханасында

жұмақтың сегіз есігіне телміріп-тесіліп, тәспі тасындай тізіп 4 мың 4 жүз хикмет құраған Құдіреттің құлы, Шығыстың шамшырағы, Дін-Исламның ізгі-жарығы Құл Қожа Ахмет: «Тұранның оттай ыстық желі бөтен … » – деп, құйқылжыта жыр төкті. Сол тәкаппар Тұранның текті перзенті Тоқтар ӘУБӘКІРОВ те әсте тегін адам емес. Сырбаз сопының мақамын тың толғам, жаңа кеппен кестелеп: «Тоқтардың оттай ыстық жөні бөлек … » – деген әбден жарасымды-ақ …

Жөні бөлек болатыны – біз бен сіз бөтен планетаның, жат дененің, құпия әлемнің топырағын басқамыз жоқ. Жер-Анамыздың кіндігінен қадым ажырамадық. Жалғыз Хақ Тағалымызға аян һәм жақын сыры беймәлім ешбір ғаламды ойша да елестете алмаймыз …

Тоқаңның орны басқа, жөні бөлек болатыны: Тоқтар ӘУБӘКІРОВ қазақтың ішінде немесе күллі түркінің арасында ғана емес, әлемдегі мұқым мұсылман баласының – нұрлы Пайғамбарымыз хазыреті Мұхаммед (с.а.у.) үмбетінің – ең тұңғыш ғарышкері!

Тоқтар – басқа дүние-планетаға табаны тиген тұңғыш мұсылман-мүмін! Тоқтар ӘУБӘКІРОВпен қалың қазақ та, иісі түркі де, дүниежүзінің миллиардттаған мүмін-мұсылман қауымы мақтана алады!

…Кіндік кесіп, кір жуған туған топырағына кезекті бір сапарында әңгіме айтып тұрған Тоқтар, кенет сөзін үзіп, төбеден жыпырлап төнген жұлдыздарға тесіле қарап қалады. Тапжылмай, өте ұзақ қарайды. Маңайындағы адамдардың мойындары ауырып, көздері талып кетеді. Әудем уақытта ғана Тоқтар: «Қайтқым келеді! – дейді, зәулім көктен жанарын үзбей. – Мұнда не бар? Бәрі лас… Керемет ана жақта ғой!..»

Кім біледі, Тоқтар ағам да әлемнің атақты ғарышкері Армстронг тәрізді тым-тым биіктен, тым-тым зәулімнен тек қана Азанның дауысын естігенін есіне алды ма екен?!.

…Тоқтар ағамыз ғарышқа аттанарда бодан болған қабырғалы қазағы – қайтып оралғанында бостан ел, еркін жұрт атанды. Бұл тылсымға таңданбасқа, бұл ғажайыпқа таңдай қақпасқа болмас…

ТОҚТАРДЫҢ СӨЗІ: «…Алла Тағаланың осындай шешімі шығар. Ұшып кеткенде анандай едік, келгенде, мынадай болдық. Тәубә, өз жерімнен ұшып кеттім, өзімнің жеріме келдім, өз жерімде бірінші болып отырғаныма!..

…Ғарыштан қарағанда, жер – ауа мұхитының түбінде жатқан моншақ сияқты, өте сұлу, нұрланып тұрады. Ғарыштан жерді көргенде жүрегім дүрсілдеп, бүкіл жерді құшақтағым келді. «Махаббат» дегеннің не екенін, сонда түсіндім. Біз сол сұлулықты бағаламай, қадірлей алмай жүрміз. Жердің қойнауын қаздық, ағашын отадық, қоқыспен толтырдық… Ғарышкерлер қайтып оралғанда, жерге жата қалып, топырақты сүйеді. Мен де сөйттім. Сондықтан, айтатыным: Жерді сақтаңдар!..»

Үлкен сөз, ірі тұжырым. Ғарышкер ғана жантәнімен сезініп, пайымдайтын пікір…

Әркімнің айрықша талғамы, жеке толғамы, өзіндік таңдауы болады. Бұған құрметпен қарауымыз керек. Жалпыға жылыстай бермей, жекенің таңдауын қадірлейтін мәдениеттілік деңгейі қажет. Орасан ойлы Бабыр бабамыз: «Көңілімнен жақын – дос таппадым, Жанымнан жақын – жар таппадым» – деген екен, Тоқаңның ой-орманы таудан асып, парасат-пайымы шыңды басып, зәңгір көкке шарықтаған шығар-ау…

Бір ғана мәселе – Әубәкіров феномены ешқандай партияның деңгейіне сыймайды. Әубәкіровтің бір басы – бір партиямен тең тұлға! Ғарышты бағындырған тұңғыш қазақтың заңғар биігінен төмендеуіне болмайды…

Тоқтар ӘУБӘКІРОВ – мұсылманның ішінен, түркінің баласынан, қазақтың арасынан Тәңірдің өзі таңдаған тұңғыш ғарышкер пендесі! Хақтың шешіміне, Тәңірдің кесіміне кім қарсы тұра алады!..

Сұңғыла саналы хакім Абай айтыпты:

Абұйыр, атақ сол жанда –
Кімді көп жұрт мақтаса.
Ол мақтаудан не пайда,
Көп мақтауын таппаса?..

ТОҚАҢНЫҢ ӨЗІ: «…Мен емес ғарышқа ұшқан… Мен денемді апардым. Қазақ ұшты. Қазақтың рухы ұшты. Олай болса, мен неге қазаққа қарсы келуім керек?..

Не айтады қазақ – сол болады. «Керексің» десе, керекпін. Қуанамын. «Болды, уақытың бітті… » десе, оны да енді мойындаймын. Қиын болса да, жүрегім жарылса да, көтеремін. Бүгінге дейін өкінбеймін. Бір өкініш жоқ… »

…Шерлі Шәкәрімнің Мәжнүні былай депті: «Әр ақылды адам әлемнің қиын сырын түгел аша алмайды. Әрбір көз шын махаббат нұрын көре алмайды. Ләйлінің анық нұрын көрем десеңіз, менің көзіммен қарап, менің жүрегіммен ойласаңыз, білер едіңіз… »

Тірінің – қадірін, ірінің – қарымын пайымдай алсақ, бізде де өкініш болмас еді…



ТОЛҒАУЫ ТЕРЕҢ СЫРЛАСЫМ...

ДОМБЫРА ӘУЕЗІНІҢ СИҚЫРЫ



...Ертеректе әр ауылда малжанды жайғастырып болғаннан кейін, ымырт үйіріле әрбір үйдің түндігінен будақ-будақ түтінмен бірге неше түрлі әуезді ән-күй қалықтатушы еді, қазір сол бір сырлы әлем алыс арманға, қағыс сағымға айналды...

...Бала күнімнен қоңыр үн өзіне ғашық етіп, баурай бастады. Құлақ құрышын қандырған сиқыр үн еріксіз баурап, үйдегі қара домбыраны тынымсыз дыңғырлатып, әупірімдеп үйреніп алдым. Қоңыр үнге әуестенгенім сонша, күй қыраны Қазанғаптың, күй дауылпазы Дәйлеткерейдің, шертпенің шебері Тәттімбеттің, құйын-күйдің киесі Құрманғазының күйлерін таңды-таңға ұрып тыңдадым... Күй – адамның өмірін, қуанышы мен мұңын, табиғат көріністерін суреттейтінін түйсіне бастадым... Төкпе күй мен шертпе күйді ажырата алатын деңгейге жеттім... Біздің үйде «Қазақ радиосы» таңнан кешке дейін үнемі саңқылдап тұратын. Атай мен әжейдің тыңдайтыны терме мен халық әндері. Терме табиғатын терең сіңіріп, Есенқұл Жақыпбектің «Жан қиссасын» аудандық жарыста құйқылжыта орындап, жүлделі орын да алғаным бар...

...Журналымыздың бәйгесіне тігілген домбыраның жасалып жатқанын көрмек ниетпен Түркістанға Жантұрсын Дүйсенбекұлы ағамыздың шеберханасына беттедім. Жол бойы қалың ойға шомып кетіппін...

Ұлттық рухымыз, бабадан мирас болып қалған төл өнеріміз жаңғырып жатқан бүгінгі күні қолөнеріміздің ерекше саласының бірі – музыка аспаптарын жасайтын он саусағынан өнері тамған шеберлерді насихаттау – аса маңызды. «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ-домбыра» деп Қадыр ақын айтқандай, қазақтың болмысы мен домбыра аспабы – егіз ұғым. Қасиетті қара домбыраның өзін ғана тән терең тәлімі мен тынысы мол қоңыр үнін бұзбай жа-

сау – нағыз шебердің қолынан ғана келетін іс.

Нағыз шебердің қолының қасиеті болмаса, Ғарифолла Құрманғалиевті, Жүсіпбек Елебековті, Жәнібек Кәрменовты тыңдай алар ма едік?!. Аракідік арының сезіп, тұңғиығына шомып тыңдамасақ жанымыз тыныш таппайтын Бекболат Тілеуханның орындауындағы «Ақтамбердінің жырауына», Айгүл Қосанованың «Мұхиттің әніне», Стамгазиев Рамазанның «Дариға-дәуреніне», Айгүл Елшібаеваның «Сүгірдің» термесіне,



Әкесі Дүйсенбек, анасы Жанайым

Өмірқұл Айниязовтың «Той бастарына», Елмұра Жаңабергеннің «Тәліміне», Қажыбек Бекбосынның «Кәмиласы» мен «Шегенің термесіне» ауыз ашып, көз жұмып, тамсана алар ма едік?!.

Ал, қазақ өнерінің төлтумасы – айтыстың орны тіптен бөлек. Алаңсыз көңіл, аламан өмір балдәуренді атай мен әжейдің ортасында сүт қатқан қою күрең шәйді мейірлене ішіп отырып, айтыс тамашалағаным зәуде есіме түссе, кейде түсіме кіреді. Айтыскерлердің суырып салып айтқан шумақтарына да әр беріп тұрған қара домбыраның қоңыр үні...

Аманжол Әлтай мен Айнұр Тұрсынбаеваның қыз бен жігіт айтысы,Қалиев Айбек пен Кәрима Оралованың әзіл айтысы күні бүгінге дейін құлағымда...

Бүгінгі қазақ өлеңі өкілдерінің бірі, ақын Қалқаман Сарин домбыра туралы былай дейді:


«Қасиетіңнен айналдым,
Кешір, Домбыра!
Шанағыңды шаң басып, кесір қонды ма?
Есі кеткенше билейтін етегін ашып,
Эстраданы қайтейін есірген мына?

Қасиетіңнен айналдым,
Кешір, Домбыра!
Қолымнан құран кеткелі,
есімнен дұға,
Ит тірлік кешіп жүргендер
иттігін жасап,
Иттерге бізді қоспақшы бос үрген, мына.

Қасиетіңнен айналдым,
Кешір, Домбыра!
Керуен сазым, тоналды-ау, көшіңнен мұра.
Жатырмын жеріңіп, Жеті атасына
Өркөкіректерді қайтейін өшінген мына.

Қасиетіңнен айналдым,
Кешір, Домбыра!
темірден әбден тесілді-ау
төсің, Домбыра.
Қанжығасына байлап ап
қадірің білмей,
Есерсоқ есек мінгендер есіңді
алды ма?

Ит үрер тағы...
керуен...
көшіміз жүрер,
Дүшпаның – жылап, өзгеріп,
досыңыз күлер.
Қасиетіңнен айналдым,
Кешір, Домбыра!
Екі шегіңнен садаға –
екіжүзділер!»



Қолөнерші әріптес ағасы Жолаушымен бірге

Тәңірдің таразы-сыны көп екен...XIX ғасырдағы ән өнерінің саңлағы Біржан салдың Абайға «Мендей әнші туар, сендей тыңдаушы туылмас» дегеніндей, айтушы болғанымнан –тыңдаушы болғанымды тәуір көрген Тәңірім қолыма дерт беріп, домбыра тартқызбады...

...Шеберханада Жантұрсын ұстамен домбыра туралы егжей-тегжейлі әңгімелесудің сәті түсті. Қасиетті домбыраның бейнесі көз алдымызға келсе, оның неден жасалатыны, құрылым-құрылысының құрастырылуы туралы алуан сұрақтар мазалайтыны анық...

Жантұрсын Дүйсенбекұлының үлкен аталары ағаштан түйін түйіп, елдің керегіне жарар бұйымдар жасап ұсталығымен атты шыққан екен. «Қанына тартпағанның –қары сынсын» дегендей, тегіне тартып ағаштан бұйымдар жасауға бала кезінен ықыласы ауады. «Жігіттің жақсы болуы –нағашыдан» деп туған нағашысы атақты дирижер Төлепберген Әбдірәштің таланты –бала Жантұрсынға әсер етпей қоймады.

Алтын құрсақты Жанайым анамыздың сүткенжесі Жантұрсын ағамыз,«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалдың мәнін түсінгенгендіктен ұсталығын дамытып, кәсібін отбасының кіріс көзіне айналдырады. Алты баланың әкесі «Қарынның қамынан аса алмасақ кім болғанымыз» деп, тұңғышы Нұрайды домбыра үйірмесіне береді. Көп уақыт өтпей талантты қыз Астана қаласында өткен «Ақ көгершін» байқауынан, Алматыда қаласындағы «Ұлы Дала дарыны» фестивалінен жүлделі 2-орынды иеленеді. Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз, міне, осы!

Қазақтың бағзы заманнан сақталып келе жатқан домбырасының ұстыны еш өзгеріссіз бізге жеткен төл туынды. «Алматы облысы, Жамбыл ауданы аумағынан шамамен 2,5 ғасыр бұрын табылған таста қашалған сурет пен XVI ғасыр бұрын Мысыр еліндегі Нахт қабіріне салынған пішінінен еш өзгермеген»–деп ғалымдар дәлелдеуде.

«Домбыраның бауыры, мойыны, шанағы, ішегі мен тиегіне дейін жіңішкелікпен жасалу керек. Ол үшін домбыраның бүкіл болмысында мін болмауы тиіс. Домбыраны жасайтын қолөнер шебері міндетті түрде жақсы шерте де білуі керек. Әйтпесе, ол домбыраны мың жерден көркем жасағанымен, жанын түсіне алмайды. Сол себепті, музыкалық сауаты болуы қажет. Бүгінгі таңда домбыра шертуді білмей тұрып, жасауды меңгеруге құлшынатындардың қарасы көп» –дейді Жантұрсын шебер.

Он саусағынан өнер тамған шебер ағамыз тағы да: «Қайың, емен, жаңғақ, мербеу секілді сапалы домбыра жасайтын ағашты жұқалап тіліп, екі жұма бойы суға салып қоямыз. Сонда ағаш жұмсарады. Сосын оны иіп, майыстырып, ыстық пешке қыздырып, кептіреміз. Қыздырылып-кеуіп болған ағаш тілімдерін темір қалыпқа салып, қысып қоямыз. Қалып дегеніміз –электр спираль жүргізілген тұрба. Жасалатын материалдың бойындағы ылғалы толықтай кепкенше қыздырылады. Содан соң иілген ағаш жеті қиық бойынша кесіліп, сүргіленіп, тегістеледі. Осы қиықтарды шанаққа пайдаланамыз. Жасалуы ең қиыны жері –шанағы. Домбыраның мойын сағасы мен құлағы және бет тақтайы шыршадан жасалынады», – деді.

Қоңыр үнді аспапты жасаудың құпиясы қатпарлы екен. Домбыра жасайтын ағаш ұстасы жасалу жолына қарай домбыраны екі түрге бөледі. Бірі – тұтас домбыра көлеміндей ағаштан ойып, шауып жіңішкелікпен жасалады. Оны «бітеу домбыра» деп атайды. Ал, екіншісі –шанағын, басын, мойынын бірнеше бөлшек ағашты желімдеп, құрастырып жасайды. Оны «құрама домбыра» дейді.

Домбыраны көркемдеп, әшекейлеу үшін малдың сүйегі қолданады. Домбыра жасайтын ағаштың өңін аша түсу үшін әртүрлі табиғи бояулар пайдаланылады. Домбыраның қолданылуына, ішектің



Қызы Нұрай Жантұрсынқызы

санына, шығатын үніне қарай: шіңкілдек, қос ішекті, үш ішекті, кең шанақты, әмбебап және бүктемелі домбыра, деп бөледі. Әрбір шебер домбыра жасағанда өзіндік бір үлгіні ұстанып, домбыра үнін жетілдіруге, әдемі әшекейлеуге, төл қолтаңбасын қалдыруға тырысады.

Тұран топырағында алқаулы ағаш шебері Жантұрсын Дүйсенбекұлының домбыра жасаудағы тәлімі мен тәжірибесі мол, атағы мен беделі биік. Домбыраның киесін ұғынған ұстамды ұста жиырма жылдық тәжірибесіне сүйеніп, арнаулы қолөнер мектебін ашып, ұлықты ұстаз болуды да арман қылатынын жасырған жоқ.

Өзекті өнерді өзімен ғана шектемей, өзгеге де өнеге еткісі келетін кесімді ой, келісті пейілі қуантты. Расында, қазақ баласының толғауы тым терең сырласы – қоңыр домбыраның сиқырлы да сылқым әуезді үні Ұлы Далада мәңгі тербелуге тиіс қой...

Гүлжаз ҚАРЫБЕККЫЗЫ,
Түркістан қаласы

БАЗЫНА

ТЕМІРҚАЗЫҚ

(КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН)



Алматы. 2007 жыл.

- Алло, саламатсыз ба, Шарапат!? (құжаттағы атыммен ешқашан атаған емес) Үлкен «З» әрпін көрген жеріңіз бар ма?

- .... (Қапелімде не дерімді білмедім.)

- Ғ-дан басталатын үйдің атын, З-дан басталатын қылмақшы едім...

Бірден түсіндім. Бәрін түсіндім...

Ол ылғи да осындай болатын. Асығыс болса да екі ауыз сөзбен-ақ бүкіл жан-дүниесінің күйін ақтара салатын. Өз азаматтық позициясында қалатынын бірде тіке жеткізсе, енді бірде әзілмен, енді бірде ұзын-сонар сағаттап айтар әңгімеге өзек ететін. Айналып келгенде барлығының негізінде ұлттың қамы, адамдық пен ардың ісі тұрады. ОЛ кісіні төбеме көтеріп құрметтейтінім содан.

Астана. 2014 жыл.

Қашанғы қонақжайлылығымен Айнұр апайым (Айнұр Әбдірәсілқызы) мені асқа шақырды. Жұмысымның қасынан көлігімен ала да кетті...

Көлікте отырып, «Сегіз жыл қалай шыдағам?!» дедім. «Сағыныппын ғой...» дедім, «Не деген адамсыңей, неге арнайы бір іздемедің?» дедім, «Өлердей сағыныппын ғой» дедім. Айнұр апай туған топырағы Түркістанымен қоштасып, оңтүстік астанаға қоныс аударған жылдары жүз көріскен біздер, шер тарқатыса алмаған күйі қоштасқан едік. Бұл бәлкім, сол кездері Алматыдан әжептәуір өгейлік көрген біздердің «Бір күн су ішкен құдыққа» деген құрметіміздің нышаны болар. Ішімізді кернеген кей жайтты айтып қоймауға екеуміз де тырысып баққан ек. Осылайша қасқая отырып, «басқа» әңгімені тілге тиек еттік. Ал шын мәнінде ол да, мен де бірдей мәселеден қажыған болатынбыз. Жоғарыдағы «З» әрпінің хикаясы да сол мәселенің түртпегінен туған еді... Иә, арадан бақандай сегіз жыл өткенімен, мен әр ортада ұдайы «Айнұр апайым болғанда, осылай жасар ме еді?» деген ойға жиі бататынмын. «Айнұр апайға барып қайтсам ғой» , «Шіркін осы істің басында Айнұр апай болғанда ғой» деген сияқты тілектерімнің де қайта-қайта бас көтере беретіні – ол кісінің менің жүрегімнен мықтап орын алғанының белгісі еді...

...Соңғы жылдары жүрегінің ыңғайына көнбей жүрген маған 2014 жылғы қараша айындағы кездесу едәуір әсер етті. Айнұр апайдың бар құдіреті сол, сөйлесіп отырған адамын бастапқы болмысына енгізіп, өз қалпына сала қояды. Сыртқа шыққанда санаң қасаң қалпынан айнып, тілің емес, жан-жүрегің сөйлеп бара жатады. «Қобыз» да солай туған болатын:

ҚОБЫЗ

(А. Әбдірәсілқызына)

Бебеуледің бе?
Кемер келді ме мұң-шерің?
Төзбегеніңді сезер дедің бе күн керім?..
Қасиет түге кезерген мынау кезінде...
Кір көңіл қоңсып, тынар дедің бе бір көңіл?
Бабамнан тамыр жалғаған жалғыз іргелім!!!

Азынадың ба?
Қазыналым-ау, ғажаптым...
Базынаң тыңдап, наз ұға алды ма қазақ бұл?
Бормінезділер қадіріңді тұл көрсе де
Азапты жаннан шығарыпсың-ау азат жыр!

...Рухыңнан сенің ләззатпын!

Боздағаның ба боз даланы да күңірентіп,?
Қозғағаның ба көп жылдық тарих?
Тірілетін...
Тірілетін болды-ау рухы мен даңқы ірілерім,
Жалғанып қайта сірі демім!!!

Арқырадың ба?
Сарқырадың ба, тау суы?
Барқын әніне салар-ау енді бар дуың...
Жалқын күн, алас!!!
Алтынның барлық бағасы
Бәсіне жетпес қобызым менің тартулы!
Сен жаса, қаса қасиеті асыл халқымның,
Арқыра, рухы қазақтың!!!
Парқың білініп, төбеме шығар нарқың бір!
...ТАРТУЛЫ БОЛСАҢ БОЛҒАНЫ!!!

Өлеңді өз иесіне жолдадым. Ол кісі:

«Кеш жарық!

Өмір бойы өлім туралы ойлардан ғана жұбаныш табушы едім. Сіздің өлеңіңізді оқығаннан кейін өле алмайтынымды түсіндім. Өзім туралы көп жоқтау жырларын жазып қойғанмын. Өзімді емес, өзіммен бірге өлетін нәрселерді жоқтаған болуым керек. Солардың қай-қайсысымен салыстырғанда да сіздің өлеңіңіз лайықтырақ эпитафия болады екен. Бұл өлең - менде бар нәрселерді ғана емес, жоқ нәрселерді де жоқтау ғой. Әрқайсысымыз қазақтың қобыз-көңілін осылай тербеп отырсақ, бұл ұлт өлмесе керек.

Өткенде Ақтауға барғанда тыңдаушылар тарапынан жүректен шыққан сауалдар қойылды. Солардың бірінің жауабы былай болған еді:

«Егер мен өз ұрпақтарым арқылы бұл ұлттың өмірін жүзжылдықтарға ұзартар болсам, онда менің өмір сүрмегенім. Мен бұл халықтың өмірін мыңжылдықтарға ұзартқым келеді... Бізден мың жылдан кейін тағы да бір қазақтар келіп, қарт Каспийдің жағасында бүгінгі біз секілді ұлт пен рух туралы әңгіме айтып отырса, онда біздің босқа өмір сүрмегеніміз... Сол күндерді рухымыз көктен көретін күнге жетейік».

Сізге де айтқым келгені сол еді...

Ал өлеңіңізге сауға ретінде «Аспан жырларын» қабыл алыңыз.

СІЗГЕ РАХМЕТ!» (17. 11. 2014) деп жауап қатты.

Осылайша, биылғы мамыр айының соңында өткен «Тағдырым бар тоқырлық тасқа аян» шығармашылық кешінің басты жаңалығы болған қос кітаптың бірінің қолжазбасын алғашқы оқығандардың қатарынан болдым...

«Болмыстан берік бар ма тірегім?!

Адами ғұмыр арда тілегім» - дейді апай аталған кітаптың беташар жырында. Өз басым мінез дегеннің баламасын кейде рух деп түсінетінім бар. Мінезі адуынды дегенде қазақ рухы мықты деп айтып тұрғандай көрінеді. Өз ортаңнан игілік пен ізгіліктен гөрі, кесірлік пен кежірлікті көп көретін қоғамда болмысын жоғалтпаған жандарды мен өте сирек кездестірдім. Журналистік қызметпен күніне ондаған адаммен сөйлесіп, таныс-біліс болуымыз мүмкін. Қарапайым халықты былай қойғанда, мүйізі қарағайдай ағаларымның қысқа күнде қырық құбылғанына да талай куә болғанбыз. Бұл қазақтың қанына тұрақсыздық, екіжүзділік сіңіп бара жатқандай сезінемін. Осындайда «...Тозақтың отына жылынған,

Сор жалған сен де бір ғаріпсің...» деген Айнұр апайымның өлеңі санамда сан қайталанатын.

...Студент кезімізде апайдың кеңсесінде шай ішіп отырып, сырласатынбыз. Қашан да апай әңгімесін жұмбақтап айтатын, мысалмен орағыта айтатын, кей мәселелерді астарлап жеткізетін (Мүмкін бізді әрі қарай өздері ізденсін деген болар). Әңгімелесіп болған соң, жатақханаға барар жолда сол жұмбақтың шешімін табуға хал-қадерімізше тырысушы едік. Біз осылай апайымыздың санамызға салған дәнін, көктетуге тырысатынбыз. Осылайша үнсіз тәрбиелендік десек те болады. Сол кездері Айнұр апайдың тіке айтқаны – «Жаманшылықтарға бой үйреніп кетпесе екен» дегені, «Ұлт алдындағы міндеттерімізге адал болайық» дегені. Өз басым осы сөзді апайымның аманаты санадым. Ұстаздың бұл тілегі апамның «Біреу мынаны жасай аласың ба?» деп сұраса, «жоқ» деп айтпа!» деген сөзі мен анамның «Ұдайы жүзің жылы болсын, жарқын жүзді адам бақытты болады» деген сөздерімен қатар менің ғұмырлық темірқазығыма айналды.

2017 жыл, 26 мамыр.

Айнұр Әбдірәсілқызының «Тағдырым бар тоқырлық тасқа аян» деп аталатын шығармашылық кеші өтті. Кеш куәгерлерінің айтуынша, елдің айтулы азаматтары, ақынның достары мен әріптестері, оқырман жастар мен БАҚ өкілдері бас қосқан жиын ерекше өткен. Өзім жақында сәбилі болғандықтан бара алмаған кештің сүйіншісі «Қош бол, аспан!», «Менің махаббатнамам» туындылары еді.

Соны сезім сұлу жүректен туады. Апайдың «махаббатнамасын» да алғаш болып оқыған бақытты жанның бірі мен едім. Осы туынды жарыққа шыққанда апай ерекше нұрланып, бас-аяғынан шуақ құйылып жүргендей көрінді маған. Бұрындары Айнұр Әбдірәсілқызының лирикалық өлеңдерін оқығанда «салқын» тартқан сезімді, тәкаппарлық пен кірпияздықты жиі сезінетінмін. Ол махаббатқа келгенде тым сараң, ал, адамзатқа артығырақ болған сезімдерге өте мәрт болатын («Бұл сезім осынша баянсыз болса, болашақта оған қатты бас ұрмау керек қой» деген ойда жүретінмін . Бірақ өмірді сүрген соң, сүймей, сүйдірмей ғұмыр кешіру мүмкін емес екен). «Менің махаббатнамамды» оқығаннан кейін, шерлі жүректің ағынан жарылғанын көрдім. Баяны болмаса да бұл сезімнің жалғанды тұл етіп кеткісі келетіндерді құтқаратынын түсіндім...

Апай мен екеуміздің арамызды жалғап тұрған сезімдердің қатарында оның бауырмалдық, әпкелік қамқорлығының орны ерен. Біздің кей «еркеліктерімізді» көзге ілмейтіні де сол мінезінен. Бір адамға іш тартса, соңына дейін ілтипат білдіріп, мың-сан жұмысына жұтылып кетпей, жақындарын іздеп тұратыны – оның ең үлкен қасиеті. ...Әдетте Айнұр Әбдірәсілқызымен әңгімелессек, уақытымыз жетпей қалып, «Мынаны келесі жолға қалдырайық» деп тарқасушы едік.

Ағайын, басқамыздың да ұдайы ұлағаты мол жандар туралы айтарымыз таусылмасын...

Шарафат РЫСБАЙҚЫЗЫ,
Астана қаласы



Түркістандық жас қылқалам шебері Мұрат Шаханбаев Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылында дүниеге келген. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өнер факультетін бітірген. Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша магистратураны бітіріп, бүгінгі таңда осы оқу орнында қызмет етеді. Шет елде, республикада, облыс пен қалада бейнелеу өнері конкурстарына қатысып, жүлделі орындарды иеленген. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған панорамалық картиналар жазып, «Орбұлақ шайқасы» картинасы өнертанушылар тарапынан жақсы бағасын алды. Қашанда сабырлы қалпында, жұмысына өте тиянақты!
Әрбір суретінен қазақы бояу, қазақтың көне тарихы, философиялық ойлар лебі есіп тұрғандай!



Мұрат Шаханбаев. ЖАЙЛАУДА